

**К.Д.Бузаубакова, А.Т.Джангарашева,
Б.М.Досмамбетова, С.К.Джумабаева, Г.А.Умирбекова**

**ИННОВАЦИЯЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕ
БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДАҒЫ
LESSON STUDY ЗЕРТТЕУЛЕРІ**

Оқу-әдістемелік құрал



**К.Д.Бузаубакова, А.Т.Джангарашева,
Б.М. Досмамбетова, С.К.Джумабаева, Г.А.Умирбекова**

**ИННОВАЦИЯЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕ
БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДАҒЫ
LESSON STUDY ЗЕРТТЕУЛЕРІ**

Оқу-әдістемелік құрал

Тараз, 2024

УДК 373.3
ББК 74.202.4
И63

**Баспаға М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
«Педагогика және әлеуметтік ғылымдар» факультетінің мәжілісі
шешімімен ұсынылды(Хаттама №6, 30.01.2024ж.)**

Пікір жазғандар:

**Амандосова Р.С. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор;
Елубаева Р.Е. – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор.**

ISBN 978-9965-37-475-3

**Бузаубакова К.Д., Жангарашева А.Т., Досмамбетова Б.М.,
Джумабаева С.К., Умирбекова Г.А.**

И63 **Инновациялық кеңістікте білім сапасын арттырудағы Lesson
study зерттеулері: Оқу-әдістемелік құрал / К.Д.Бузаубакова,
А.Т. Жангарашева, Б.М. Досмамбетова, С.К.Джумабаева,
Г.А.Умирбекова. – Тараз: «ИП «Бейсенбекова А.Ж.» 2024. – 266 б.**

«Инновациялық кеңістікте білім сапасын арттырудағы Lesson study зерттеулерінің рөлі» оқу-әдістемелік құралында бастауыш сынып оқушыларын оқыту сапасын жақсарту арқылы білім сапасын көтеруге негізделген инновациялық кеңістік құрып, мұғалімдер ынтымақтаса бірлесіп жүргізген зерттеу жұмыстарының барысы мен нәтижесі көрсетіледі және Жамбыл облысы Шу ауданы Төле би атындағы орта мектебінің бастауыш сынып оқушыларына сабақ беретін пән мұғалімдері мен аталған мектеп жетекшілік көрсететін бес серіктес мектеп ұстаздарынан құралған педагогикалық ұжымның Lesson Study зерттеуін жүргізу арқылы білім сапасын арттыру бойынша инновациялық іс-тәжірибесі ұсынылады және АР19680242 «Қазақстан Республикасында педагогикалық білім беру жүйесін жаңғырту аясында жоғары оқу орындарының коллаборативті цифрлы білім беру ортасын құру» атты гранттық жобасы аясында жарық көрді.

УДК 373.3
ББК 74.202.4

ISBN 978-9965-37-475-3

© Бузаубакова К.Д., 2024
© Жангарашева А.Т., 2024
© Досмамбетова Б.М., 2024
© Джумабаева С.К., 2024
© Умирбекова Г.А., 2024

Кіріспе

XXI ғасыр ғылым мен технологияның дамыған заманында білім беру саласы да қатар қарқынды дамуда. «Білімді ұрпақ – болашақтың кепілі», -деп дана халқымыз айтқандай, бүгінгідей ел болашағы – жас буынды заманына сай лайықты жеке тұлға ретінде қалыптастыру ісі мемлекетіміз үшін маңызды болса, мұғалімдер қауымына артылар жүк ауырлай түсуде.

Қоғамның дамуындағы ең маңызды мәселе білім беру жүйесі. Оқып үйрену мен тәрбие ісінде оқу орындарының жаппай заманауи технологияларды қолдануға көшу процесінде мұғалімнің үнемі кәсіби шеберлігін арттырып отыру қажеттілігі айқын көрініп отыр. Мұғалімдердің кәсіби даму үдерісін дамыту барысында мектептің даму жоспарында желілік қоғамдастық, тәлімгерлік инновациялық, интерактивті әдістерді пайдалану арқылы білім сапасын арттыру, жаңа ақпаратты технологияны меңгеру, магниттік мектептер ұстаздарымен әдіс алмасып, ынтымақтастық құру қарастырылған.

Осыған сәйкес, 202-2022 оқу жылынан бастап мектебімізде «Ізденіс» шығармашылық тобы құрылып, LESSON STUDY зерттеу жұмысын жүргізу қолға алынды. Алғашқы жылы LESSON STUDY зерттеу жұмысын жүргізуге дайындық жұмыстары бойынша коучингтар, семинарлар мен шебер сыныптар өткізіліп, зерттеу жұмыстары бойынша мәліметтер жинақталса, 2022 – 2023 оқу жылында 5-11 сынып оқушыларына зерттеу жұмысы жүргізіліп, нәтижесінде «LESSON STUDY – ІС ТӘЖІРИБЕДЕГІ ОҚЫТУ МЕН ОҚУДЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ» атты оқу -әдістемелік құрал жарыққа шықты. 5-11 сынып оқушыларына жүргізілген зерттеу жұмысы оң нәтижесін көрсеткендіктен, 2023-2024 оқу жылында зерттеу жұмысын бастауыш сынып оқушыларына жүргізу басты мақсаттарымыздың бірі болды. Осы мақсатқа сәйкес, бастауыш сынып оқушыларына сабақ беретін пән мұғалімдерінен және Төле би атындағы орта мектебіне бекітілген «Жетекші мектеп» ұйымынан төрт ауыл мектептері, атап айтсақ, К.Әзірбаев, Абай, Қ.Сәтпаев және Жиенбет негізгі орта мектептері, сонымен қатар, өз қызығушылығын танытып, әдіс алмасу мақсатында зерттеу жұмысына қатысуға ұсыныс білдіріп, серіктес мектептер қатарына қосылған Домалақ ене мектебінің ұстаздарымен тоғыз фокус топ құрылып, I тоқсанның білім сапасының нәтижесі мен сабақ барысында кездесетін қиындықтарды ескере отырып, педагогикалық кеңестің шешімімен II тоқсанда LESSON STUDY зерттеу жұмысы жүргізіліп, нәтижесі осы оқу – әдістемелік құрал баспасына жарияланды.

Біздің ұсынып отырған оқу – әдістемелік құралдың мақсаты – бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын көтеруге негізделген зерттеу жұмысының нәтижесімен бөлісу, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыратын тиімді инновациялық әдіс – тәсілдерді қолдануды мұғалімдерге жинақтап, ұсыну.

Оқу-әдістемелік құралда фокус топ мүшелерінің зерттеу жұмыстары, барысы мен мазмұны, нәтижесі жан жақты ашылып көрсетілді.

Оқу-әдістемелік құрал мектеп мұғалімдеріне LESSON STUDY зерттеу жұмысын жүргізуге бағыт – бағдар береді.

ЦИФРЛЫ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНДАҒЫ ПЕДАГОГТИҢ ЦИФРЛЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ



БУЗАУБАКОВА
Клара Джайдарбековна

**М.Х.Дулати атындағы
Тараз өңірлік университеті
«Педагогика» кафедрасының
менгерушісі, педагогика ғылымдарының
докторы, профессор**

Үшінші мыңжылдықта шапшаң жүріп жатқан цифрландыру үдерісі жағдайында Жаңа Қазақстанда білім сапасын арттыру үшін педагогтердің цифрлы құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі алға шығуда.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылдың 12 желтоқсандағы №827 қаулысымен бекітілген «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында орта, техникалық, кәсіби, жоғары білім беруде цифрлық сауаттылықты арттыру және педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту сияқты басты стратегиялық міндет айқындалды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан Халқына Жолдауында: «Өз ісіне адал ұстаздар білім беру саласының дамуына зор үлес қосады. Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды. Біз 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасаймыз» – деп атап көрсеткеніндей, жайлы мектепте сапалы жұмыс жасайтындай цифрлы технологияларды жан жақты меңгерген педагогтердің кәсіби біліктіліктерін арттыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Цифрлы білім беру процесі цифрлы ортада жүзеге асырылады. Ақпараттық орта цифрлы білім беру ортаның қажеттігімен сипатталады. Цифрлы білім беру ортасы – мұғалімдер мен оқушылардың цифрлық бағдарламаларды және цифрлық-әдістемелік ресурстарды-спутниктік теледидар, бейнесабактар, бейнежазбалар, электрондық оқулықтар, пәннің цифрлық оқу-әдістемелік кешенін тиімді пайдалану кеңістігі.

Еуропалық Одақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерді меңгеру деңгейлерін анықтау бойынша жүргізілген зерттеулер нәтижесіне сүйенсек, білім алушылар оқу процесінде белсенді пайдалануға мүмкіндік беретін тиімді цифрлық құзыреттіліктерді тек 20-25% ғана педагогтерден алады екен. 2006 жылы Еуропалық Одақ үздіксіз білім берудің 8 құзыреттіліктерінің қатарына кіретін «цифрлық сауаттылық» және

«цифрлы құзыреттілік» терминдерінің мәнін ашып көрсетті: «Цифрлы құзыреттілік – әрбір адамдардың жұмыс жағдайында, бос уақытта және қарым-қатынас үшін сандық технологияларды сенімді, тиімді пайдалана алуы; ақпаратты сақтай алуы, ақпаратпен алмасу, ғаламтор арқылы желілік байланысқа шығу, алғашқы ақпараттық дағдыларды игеруі.

Цифрлық білім беру ортасы (ЦББО) – бұл білім беру процесінің барлық қатысушыларын – әкімшілікті, педагогтерді, білім алушыларды және олардың ата-аналарын біріктіретін ақпараттық жүйелердің ашық жиынтығынан тұратын цифрлық кеңістік. Цифрлық білім беру ортасы – білім беру процесінің әртүрлі міндеттерін қамтамасыз етуге арналған ақпараттық жүйелердің ашық жиынтығы.

ЦББО-сын құру принциптері:

- ***ашықтық принципі***, ол цифрлық білім беру ортасын құрудың негізгі принципі болып табылады: білім беру қызметтерінің әрбір тұтынушысы үшін ақпараттық жүйелерді пайдалану, оларды ауыстыру немесе жаңа компоненттерді қосу мүмкіндігінің болуын білдіреді;

- ***қолжетімділік принципі***, ол Интернет желісінің көмегімен нақты білім алушы үшін цифрлық білім беру ортасының коммерциялық және коммерциялық емес элементтерінің шектеусіз функционалдығын қамтамасыз етуді көздейді;

- ***бәсекелестік принципі***, ол цифрлық білім беру ортасын бәсекелес технологиялармен толық немесе ішінара ауыстыру еркіндігін қамтамасыз етуді білдіреді;

- ***жауапкершілік принципі***, ол әрбір білім беру субъектісінің өз жауапкершілігі шеңберінде ақпараттандыру міндеттерін шешу құқығын, міндетін және мүмкіндігін қамтамасыз етуден, сондай-ақ осы сабақтас ақпараттық жүйелерге қатысты міндеттерді келісуге қатысудан тұрады;

- ***жеткіліктілік принципі***, ол ақпараттық жүйе құрамының білім беру қызметтерін тұтынушының мақсаттарына, өкілеттіктері мен мүмкіндіктеріне сәйкестігін қамтамасыз етуді көздейді;

- ***табыстылық принципі***, ол цифрлық білім беру ортасын енгізудің арқасында жаңа мүмкіндіктерді қалыптастыру және пайдаланушының еңбек шығындарын азайтуды білдіреді.

Ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, «цифрлық білім беру ортасы» ұғымын анықтауда әртүрлі көзқарастар қалыптасты (1-кесте).

Білім беру ұйымының ЦББО – әртүрлі пәндерді оқытудағы заманауи цифрлық құралдардың, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың белгілі бір жиынтығы.

ЦББО-ның тиімді қалыптасуына әсер ететін бірқатар факторлар бар: білім беру процесіне барлық қатысушылардың цифрлық құралдарды практикалық пайдалану шарттары, ақпараттық жергілікті желілерге, сондай-ақ интернет-ресурстарға қолжетімділік.

Цифрлық білім беру ортасы келесідей элементтерімен ерекшеленеді: цифрлық технологиялар; цифрлық ресурстар; цифрлы іздер.

Кесте 1 – «Цифрлық білім беру ортасы (ЦББО)» ұғымының мәні


№	Автор	Анықтама
1	В.Г. Лапин	Оқу процесін және білім беру ұйымын басқару процесін қамтамасыз ететін ресурстар жиынтығы.
2	В.П. Горемыкин	Оқу процесін ақпараттық, техникалық, оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің жиынтығы.
3	А. Барабанщиков	Қаржылық-экономикалық, материалдық-техникалық, нормативтік-құқықтық және аппараттық-бағдарламалық кіші жүйелерді қамтитын педагогикалық жүйе.
4	О.А. Ильченко	Кіші жүйелерді біріктіретін ЖОО-ның бірыңғай ақпараттық кеңістігі.
5	И.Г. Захарова	Жоғары оқу орнының ақпараттық білім беру ортасы тек бағдарламалық-әдістемелік, ұйымдастырушылық және техникалық ресурстарды ғана емес, сонымен қатар ЖОО-ның зияткерлік, мәдени әлеуетін, білім алушылар мен педагогтердің мазмұнды және белсенді компоненттерін жинақтайтын жүйе ретінде қарастырылады; осы жүйені басқару қоғамның, білім алушылар мен педагогтердің нысаналы көзқарастарын айқындайды.
6	М.Э. Кушнир	Цифрлық білім беру ортасы – бұл білім беру процесінің әртүрлі міндеттерін қамтамасыз етуге арналған ақпараттық жүйелердің ашық жиынтығы.
7	M.G. Dolence	Цифрлық білім беру ортасы – бұл оқу орнын басқару, оқуды қолдау немесе басқару үшін қолданылатын барлық цифрлық ресурстарды (компьютерлік бағдарламалармен қамтамасыз ету, сақтау, жүйелеу және т.б.) меңгеру. Олардың пайда болуы мен қабылдануы технологиямен емес, оқумен байланысты, дегенмен технологиялық даму олардың дамуында маңызды рөл атқарады.
8	J. Suhonen	Оқу-әдістемелік және ақпараттық қызметті қолдауға арналған техникалық шешімдер.

Зерттеушілер дәстүрлі оқыту жүйесімен салыстырғанда цифрлы білім беру ортасының бірнеше ерекше сипаттамаларын ажыратады. Цифрлы білім беру ортасының маңызды артықшылықтары оқытудың қол жетімділігімен сипатталады: білім алушылардың жұмысы ұйымдастырылған және тәуелсіз болады. Ең басты айырмашылық – цифрлы білім беру ортасының көмегімен білім алушы өзіне қандай білім, білік және дағдылар қажет екенін нақты біледі.

Білім беру ұйымының цифрлы білім беру ортасы келесілерді қамтиды: ақпараттық білім беру ресурстарының кешен; оның ішінде цифрлық

білім беру ресурстары; ақпараттық және коммуникациялық технологиялық құралдарының жиынтығы: компьютерлер және өзге де жабдықтар, коммуникациялық арналар; цифрлық білім беру ортасында оқытуды қамтамасыз ететін қазіргі заманғы педагогикалық технологиялардың жүйесі.

Қазіргі цифрлық білім беру ортасының ішкі жүйелері 1-суретте көрсетілген.



Сурет 1 – Цифрлық білім беру ортасының ішкі жүйелері

Білім беру ұйымының цифрлық ақпараттық-білім беру ортасы электрондық (цифрлық) нысанда төмендегідей қызмет түрлерін жүзеге асыра алады:

- ақпараттық-әдістемелік көмек беру;
- оқытуды жобалау;
- оқытуды бақылау және тіркеу жүргізу;
- білім алушылардың денсаулығын бақылау;
- ақпаратты іздестіру, жинау, талдау өңдеу, сақтау, ұсыну;
- білім беру процесінің материалдарын, оның ішінде білім беру процесіне қатысушылар пайдаланатын ақпараттық ресурстарды орналастыру және сақтау;
 - негізгі білім беру бағдарламасын игеру;
 - оқытуды басқару міндеттерін шешу үшін қалыптастырылатын білім беру процесіне қатысушылар арасында, оның ішінде Интернет желісі арқылы қашықтықтан өзара іс-қимыл жасау;
 - білім беру процесіне қатысушылардың Интернет желісіндегі ақпараттық білім беру ресурстарына қолжетімділігін бақылау: білім алушыларды рухани-адамгершілік дамыту және тәрбиелеу;
 - басқаруға жауапты білім беру мекемелерімен, ұйымдармен өзара іс-қимылын жүзеге асыру. Білім беруді цифрландырудағы басты мақсат –

ғаламдық бәсекелестікті арттыру, адамзаттың өмір сүру сапасын көтеру, оқыту сапасын жақсарту, білім алушылардың оқу жүктемені азайту.

Цифрлық білім беру контенті (ЦББК) – интерактивті формадағы оқытуды қамтамасыз ететін оқыту пәндерінің электронды оқу-әдістемелік кешені: цифрлық дидактикалық материалдар, фотолар, дыбыс және бейнефрагменттер, модельдеу объектілері және т.б.

Ғалымдар Л.В.Бендова, Б.П.Дьяконова, Б.М.Игошева, О.Л.Петренко, Е.С.Полат және т.б. өз зерттеулерінде педагогтің цифрлық құзыреттілігі қалыптасқанда модератор, тьютор, фасилитатор, коуч секілді рөлдерді оңай атқара алады.

Педагог пен білім алушылардың бірлескен іс-әрекетінің нәтижесі оқыту технологиясын таңдау факторларға байланысты болады: таңдау еркіндігі; теңдік; ашықтық; диалог жүргізе алу; рефлексия жасай алуы.

Цифрлық білім беру ортасында қатысушылардың рөлдері ауысады: педагог оқытудың түсіндірме-баяндау әдісінен іс-әрекетке ауысады; педагог оқу іс-әрекетін ұйымдастырушы және үйлестіруші болады; ал әрбір білім алушы оқу іс-әрекетінің белсенді мүшесіне айналады.

Цифрлық ақпараттық ресурстар өндірістің әр саласына енгізілді және цифрландыру үрдісінің қоғам өмірінің барлық салаларына әсерінің артуына байланысты елеулі құрылымдық өзгерістер орын алуда.

Цифрлық білім берудің жалпы принциптері:

1) **Ашықтық** – ақпараттық білім беру ресурстарының барлық заманауи стандарттарымен бір үйлесімділікте интернет-технологияларды пайдалануы.

2) **Модульділік** – нақты пән бойынша аймақтың біртұтас бейнесін құрайтын бірнеше пәндерден модуль жасау.

3) **Құзыреттілік** – әр сала, әрбір пән бойынша құзыреттілікті жетілдіру, бағамдау.

4) **Икемділік** – кез-келген мезетте және кез-келген орында интернет арқылы таңдалған білім беру бағдарламасын, арнайы курстарды оқуға мүмкіндіктің болуы.

5) **Бейімділік** – білім алушылардың ұлттық, дара қабілеттерін ескере отырып қажеттіліктеріне қарай бейімделуі.

6) **Интегралдылық** – цифрлы білім беру ортасында бірнеше оқыту платформаларының өзара кірігуі.

7) **Масштабтық** – цифрлы білім беру ортасында сандық платформалармен бір мезгілде жұмыс жасайтындардың санының күрт өсуі.

8) **Ұлғайту** – цифрлы білім беру ортасында цифрлық платформалармен жұмыс жасау қызметтік функцияларын арттыру.

9) **Асинхрондық** – цифрлық оқыту технологиясын әрбір пайдаланушыға қолайлы болуы.

10) **Параллельділік** – оқу үрдісін басқа да қызметпен ұштастыруы.

11) **Кең ауқымдылық** – цифрлы оқыту технологиясын пайдаланатындардың санының шектеусіз болуы.

12) **Оқытудың жекелілігі** – оқытуды жекелендіру мүмкіндігі.

13) Оқытудың сапалылығы – білім алушының тұрғылықты жеріне қарамастан қашықтан жоғары білікті мамандардың дәрісін тыңдау мүмкіндігінің болуы және қажетті цифрлық құзыреттілікті алу үшін өз бетінше курстарды, цифрлық платформаларды таңдау алуы.

14) Рентабельділік – қашықтықтан оқытуда оқу ғимараттарының қажет еместігі; оқу материалдарының неғұрлым кіріктірілген мазмұнын ұсынуы; оқытудың білім алушылардың санына және басқа да факторларға бағдарлануы.

Цифрлық технологияларды пайдалану білім алушылардың келесідей құзыреттіліктерін дамытады: тапсырмаларды іріктеу; білім алушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыру; оқытуды жекешелендіру; оқытуда көрнекіліктерді пайдалану; кері байланысты жүзеге асыру; нәтижеге бағытталған оқыту және т.б.

Цифрлық білім беру ортасы оқыту, дамыту, әлеуметтендіру үшін цифрлы ресурстардың, цифрлы мүмкіндіктердің ашық кешені болып табылады.

2-суретте цифрлық технологиялардың дидактикалық сипаттамасы берілді.



Сурет 2 – Цифрлық технологиялардың дидактикалық сипаттамасы

Цифрлық технологиялар әртүрлі білім беру ресурстарымен қамтылған, мазмұндық құрылымына цифрлық орта құрады. Ол осы тұста қажеттілігіне қарай педагогтердің, тьюторлардың және оқытудың бейімделген жүйелерінің

көмегімен алуан түрлі қызмет атқарады: цифрлы білім беру қажеттілігін түсіну; жеке білім беру траекториясын айқындау; онлайн-сервистермен қамтамасыз ету және т.б.

Цифрландыру қағидаты оқу материалдарын ұсыну және дидактикалық принциптерді басқару сияқты жаңа, сапалы мүмкіндіктер туғызады, цифрлық қоғамды әлеуметтендіру жағдайында нақты болып табылады.

Бүгінде цифрландырудың маңыздылығы мен қажеттілігі күн санап артуда, соның ішінде білім беру жүйесінде цифрлық технологиялар белсенді әрі тиімді түрде пайдалануда. Көптеген цифрлық технологиялардың дидактикалық (білім беру) әлеуеті жоғары.

3-суретте білім беруде қолданылатын цифрлық технологиялар көрсетілді.



Сурет 3 – Білім беруде қолданылатын цифрлық технологиялар

Электронды сәйкестендіру. Бүгінде ақпарат адамның ең аз қатысуымен жинақталатын және нақты уақытта кез келген объектілерді тануға мүмкіндік беретін электронды сәйкестендіру жылдам қарқынмен дамуда, ақпараттың сенімділігіне толықтай кепілдік бере алады, дегенмен де мәліметтерді енгізгенде оператор компьютердің пернетақтасынан ғана қателесуі сынды кейбір олқылықтар орын алуы ықтимал. Үлкен деректерді енгізгенде орын алған қателерді табу әрі түзету көп уақытқа созылуы мүмкін, сол себепті қатаң мұқияттылықты талап етеді.

Аутентификация – өндірістік үрдістердің, бағдарламалық құрылғылардың жеке қасиеттерін, адамдардың жеке басын сенімді түрде тексеру: сенуші тарап тексерілген тараптың түпнұсқалығына көз жеткізеді; ал тексерілген тарап ақпарат алмасуға белсенді қатыса алады; бірақ ақпарат алмасуға қатысушы өзгелер білмейтін құпия ақпаратты- құпия сөзді енгізу арқылы өзінің жеке басын растауы міндетті болмақ.

Бұлтты технологиялар – ғаламтор желісінен алынған барлық мәлімет-деректерді өңдеуге, жүктеуге, сақтауға қашықтан қол жеткізуді қамтамасыз ететін ақпараттық-компьютерлік технология.

Блокчейн – нақты жағдайда өрбитін іс-әрекеттерді тіркеу, олардың түпнұсқалығын сақтауға толықтай кепілдік беретін тәуелсіз нотариустың цифрлық аналогы.

Цифрлық технологиялар (ЦТ) – интернет-технологиялар, аддитивті технологиялар, автоматтандырылған және жобалау технологияларын үздіксіз спектр түрінде емес, аналогтық деңгейлердің дискретті жолақтарында сигналдарды көрсетуге негізделген технология.

ЦТ принциптері:

1. Даралау принципі – дербестендіруді мақсат тұтатын цифрлы дидактиканың басты принципі: білім алушының жеке даму көрсеткіштерін анықтау; оқыту нәтижелерін бақылау және бағалау; алынған деректерді, мәліметтерді жинақтау, сараптамалық мониторинг жасауға мүмкіндік береді және оқытудың табыстылығын болжауда дербестендірілген тұжырымдар, инновациялық парадигма басшылыққа алынады. Ал бұл өз кезегінде педагогке оқытудың тиімді цифрлық технологияларын, нысандары мен әдістерін таңдауға еркіндік береді.

2. Үстемділік принципі цифрлық білім беру ортасында білім алушының оқу қызметіне баса назар аударуын қарастырады: педагог – оқу қызметін ұйымдастырушы әрі қолдаушы; педагог әрбір білім алушының жеке-дара қабілеттерін анықтай отыра, оның дамуын қамтамасыз етеді.

3. Орындылық принципі оқыту мақсаттарына сәйкес цифрлық технологиялар, оқыту құралдарын бірізділікте жүйелеп, саралап пайдалануды көздейді.

4. Икемділік(бейімделу) принципі – цифрлық білім беру ортасында әрбір білім алушы өзінің жеке бас ерекшеліктеріне, білім дәрежесіне және оқу материалын ұсыну тәсілі мен қарқынына; педагогикалық қолдаудың деңгейі мен сипатына қарамастан оқытуда жеке көзқарас идеясын дамытуы.

5. Табыстылық принципі – білім беруде күтілетін нәтижелерді толық меңгеруді қамтамасыз ететін білім, іскерлік, дағды, құзыреттері қамтитын оқытудың беріктіктілік принципті.

Табыстылық принципі оқыту әдістерін түрлендіруді талап етеді: білім алушыларды ығыр етіп, жалықтыратын «пассивті» әдістен оларды барынша белсендіретін интерактивті әдістер пайдаланылады: кейс-стадия, пікірталас, дебат, тренинг, педагогикалық рефлексия және т.б.

6. Ынтымақтастық принципі цифрлы білім беру ортасына қатысушылар – жұмыс берушілер, педагогтер және білім алушылар, жобалау

қызметінің нәтижелерін пайдаланушылар, сыртқы сарапшылар мен кеңес берушілер және т.б. білім беруге тартылған басқа да субъектілердің білім сапасын арттыру бойынша өзара ықпалдасуы, оңтайлы қарым-қатынас жасасуы, желілік ынтымақтастық.

7. Ис-әрекеттік принципі – білім берудің өмірмен байланыстылық принципі, оқытудың мета-пәндік, жалпы кәсіби және өмірлік кешені болып табылады. Өмірмен байланыстың дәстүрлі дидактикалық принциптерімен оқытудың сабақтастығы білім алушылардың жеке маңызды практикалық тәжірибесін қалыптастыруды көздейді.

Білім беру принциптерін цифрландыру жағдайында практикаға бағдарлану қағидатының тағы бір талабы білім беру ұйымы мен жұмыс беруші ұйымының, мекемесінің бірыңғай цифрлық ортасын қалыптастыру болып табылады (болашақта білім беру кластерінің цифрлық экожүйесі).

8. Цифрлық құралдарды пайдалану принципі оқытуда автоматтандырылған құрылғылар мен компьютерлік бағдарламаларды пайдалануды мақсат тұтады.

9. Білім беру ортасына басымдылық беру принципі ақпараттық білім беру ортасында әрбір білім алушыға өзінің жеке білім алу траекториясын, бағыт-бағдарын жасау, білім мазмұнын кеңейту үшін қосымша цифрлық ресурстарды меңгеруді қажет етеді.

10. Полимодальды-мультимедиалық принцип оқу материалдарын көрнекі безендіруді және әзірлеуді мақсат тұтады: тек көру (визуалды) және есту (аудиалды) ғана емес, сонымен қатар қабылдаудың моторлы (кинестетикалық) арнасын қосуды талап етеді.

11. Бағалау принципі білім алушылардың білімдерін бақылау, бағалауда автоматтандырылған бағдарламаларды, цифрлық платформаларды пайдалануды талап етеді; білім берудегі олқылықтарды, анықталған проблемаларды жою және одан әрі дамыту үшін оқу жұмысына нақты түзетулер енгізуге болады.

Білім алушыларда дағдылар мен машықтарды қалыптастыру қағидатының едәуір бөлігі енгізілген бағалау технологиясын қолдана отырып толығымен автоматтандырылуы мүмкін. Сонымен қатар, берілген кәсіби және жалпы құзыреттер кешенін қорытынды бағалау үшін тек компьютерлендірілген бағалау нысандары жеткіліксіз, белгілі бір білікті мамандар жүзеге асыратын сараптамалық бағалау қажет.

Жаңа мыңжылдықта қоғамда тез қарқынмен жүріп жатқан ақпараттандыру процесі цифрлық технологиялардың қолдану аясын арттырды. Ал бұл үрдіс Цифрлы Қазақстан жағдайында педагогтердің цифрлы құзыреттілігіне қоятын талаптарды күшейтті.

4-суретте цифрлық құзыреттіліктің түрлері ашылды.


Н.В.Днепровская, Е.А.Янковская, И.В.Шевцова және т.б. ғалымдар smart-технологиялар, бір жағынан, виртуалды ортада жеке тұлғаның «қатысуының әсерін» жасауға арналғанын, екінші жағынан, олар мазмұнмен алмасуды едәуір жылдамдатуға, оның сапасын өзгертуге және көлденең байланыстарының көп санына кіруге мүмкіндік беретінін атап өтті.

Smart-қоғам жағдайындағы педагогтің цифрлық құзыреттіліктері 5-суретте ашылды.



Сурет 4 – Цифрлық құзыреттіліктің түрлері

Көптеген зерттеушілердің пікірінше, цифрлық сауаттылыққа цифрлық әлемде оқу, жұмыс істеу және өмір сүру үшін қажетті цифрлық дағдылар (Digital skills) кіреді. БҰҰ-ның 2018 жылғы есебінде «цифрлық дағдылар қазіргі адамның әлеуметтік интеграциясын жақсартады.



Сурет 5 – Педагогтің цифрлық құзыреттіліктері

Цифрлық дағдылар адамдарға цифрлық мазмұнды құруға және бөлісуге, қарым-қатынас жасауға және жалпы оқуда, жұмыста және әлеуметтік қызметте тиімді және шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

Цифрлық сауаттылыққа компьютерлік сауаттылық, АКТ сауаттылық, ақпараттық сауаттылық және медиа сауаттылық, коммуникативтік сауаттылық деп аталатын цифрлық дағдылар кіреді.

К. Эванс, Б. Мак Грей, Т. Варга-Аткинс пікірінше, цифрлық сауаттылық ақпаратты тиімді және қауіпсіз қолдану үшін тиімді басқару, түсіну, біріктіру, бөлісу, бағалау, құру және оған қол жеткізу мүмкіндігі; әр адамда цифрлы ортада болуы керек негізгі дағдылар мен машықтар; педагогтің әртүрлі цифрлық платформаларда ақпаратты табу, бағалау және нақты жеткізу қабілеті және т.б.

Көптеген зерттеушілер цифрлық сауаттылықтың бес түрін бөліп көрсетеді:

1) ақпараттық сауаттылық – ақпаратпен сауатты жұмыс істей білу, атап айтқанда, әртүрлі көздерден ақпарат іздеуді жүзеге асыру, дәйексөз келтіру кезінде авторлық құқықтарды сақтау, ақпараттың дұрыстығын бағалау;

2) компьютерлік сауаттылық (цифрлық) – компьютер мен мобильді құрылғылардың техникалық мүмкіндіктерін білу, сондай-ақ кәсіби қызметтің міндеттеріне сәйкес қажетті бағдарламаларды белгілей білу;

3) медиасауаттылық ақпараттың әртүрлі түрлерімен (мәтіндік, графикалық, бейне ақпарат) жұмыс істей білу және виртуалды шындық объектілерін пайдалана білу;

4) коммуникативтік сауаттылық – коммуникацияларды, оның ішінде әлеуметтік желілерді жүзеге асыру үшін ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалана білу;

5) инновацияларға деген көзқарас – заманауи технологиялық процестерді білу, заманауи гаджеттермен және қосымшалармен жұмыс істеу дағдылары, сондай-ақ технологиялық инновациялардың артықшылықтарын орнату.

Қазіргі уақытта ғылыми зерттеулерде цифрлы сауаттылықпен қатар, цифрлық құзыреттілік, цифрлық дағдылар ұғымдары қатар қолданылады. Бұл терминдер кейде бір-бірінің орнына қолданылады. Алайда олар әртүрлі мағынаға ие. АКТ құзыреттілігін «цифрлық құзыреттілік» деген неғұрлым өзекті терминмен ауыстыруға болады. Көрсетілген терминдерді анықтайық.

Цифрлық сауаттылық көбінесе үш компонент ретінде қарастырылады: тұтыну, қауіпсіздік және құзыреттілік жиынтығы. Ол ғаламдық Интернет желісімен қатар, ақпараттық қондырғыларды да қамтиды.

БҰҰ-ы цифрлық сауаттылықты «ақпаратқа цифрлық құрылғылар мен желілік технологиялар арқылы қол жеткізу мүмкіндігін» деп түсінеді.

Цифрлық құзыреттіліктің мәні 6-суретте ашылды.



Сурет 6 – Цифрлық құзыреттіліктің мәні

2-кестеде «цифрлық құзыреттілік» ұғымының мәні ашылды.

Цифрлы сауаттылық пен цифрлық құзыреттіліктің айырмашылығы –

Құзыреттілік – педагогтің өзін маман ретінде өз бетімен білімін, кәсіби шеберлігін, мәдениеттілігін көтеріп, қазіргі заман талабына сай бейімдей білуі; құзыреттілік креативке бастайтын жол.

Цифрлық құзыреттілік саласына маңызды үлес қосқан, эмпирикалық тестілеуді пайдалану арқылы цифрлық құзыреттілік теориялық моделін жасаған Р.Дж.Крумсвиктің зерттеуіне сүйенсек, «цифрлық сауаттылық» термині халықаралық деңгейде кеңінен қолданылғанымен, «цифрлық құзыреттілік» ұғымы қолайлы термин болып табылады, өйткені ол кеңірек және тұтас мағынаға ие, ал техникалық дағдылар осы күрделі цифрлық құзыреттіліктің бір бөлігі ғана. Ал цифрлық құзыреттілік – бұл болашақ педагогтердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) кәсіби контексте жақсы педагогикалық түсінумен және оның оқу стратегиялары мен білім алушылардың цифрлық базасы үшін маңыздылығын ұғыну мен ұштастыра пайдалану қабілеті.

Ғалымдардың зерттеуіне сүйенсек, цифрлы құзыреттілік – бұл индивидтің өмірде іс-әрекеттің әртүрлі аймағында ақпараттық-коммуникациялық технологияны қауіпсіз таңдау, сенімді, сындарлы және тиімді пайдалануы, цифрлы контентпен жұмыс, қарым-қатынас, тұтыну және т.б.

Цифрлық құзыреттілік – педагогтің цифрлы технологиямен жұмыс жасау дағдыларын біртұтас жүйеде сенімді, сындарлы ойлау және шығармашылықпен арттыруы.

Педагогтің цифрлық технологияларды қолдану құзыреттілігі педагогтің заманауи ақпараттық-коммуникациялық құралдарды меңгеруінің жеткілікті жоғары деңгейімен анықталады; педагогтің өз бетінше білімін, шеберлігін көтеріп, заман талабына сай бейімдей алуы.

Кесте 2 – «Цифрлық құзыреттілік» ұғымының мәні

№	Анықтама	Шығу көзі
1	Цифрлық құзыреттілік – технологияларды тиімді пайдалану дағдылары: ақпаратты іздеу, цифрлық ресурстар, әлеуметтік желілердің мүмкіндіктерін пайдалану, ақпаратты сыни қабылдау, мультимедиалық контент жасау, ақпаратты синхрондау	https://skysmart.ru/articles/programming/cifrovaya-gramotnost
2	Цифрлық құзыреттілік – әртүрлі салаларда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды цифрлық ресурстарды пайдалану бойынша кәсіби білімдер мен іскерліктердің жиынтығы және жауапкершілік сезіміне негізделген тиімді қызметті жүзеге асыру	Солдатова Г.У., Нестик Т.А., Рассказова Е.И., Зотова Е.Ю. Цифровая компетентность подростков и родителей. Результаты всероссийского исследования.–М.:Фонд Развития Интернет, 2003. –144 с.
3	Цифрлық құзыреттілік – педагогтердің цифрлық ортада білім алушылардың білім алудың маңызын сезінумен бірге алған жаңа білімді тәжірибеде тиімді пайдалана алатындай цифрлы технологияларды, цифрлы оқыту стратегияларын меңгеруі	Krumsvik R.A. Digital competence in Norwegian teacher education and schools // Högre Utbildning. – 2011. – № 1 (1). – P.39–51.
4	Цифрлық құзыреттілік – цифрлық технологияларды меңгеру, ақпаратты сыни қабылдау, мультимедиалық контент құра білу, мобильдік құралдарды қарым-қатынаста пайдалануға дайындығы, интернет арқылы әртүрлі операцияларды орындай алуы білігі	Берман Н.Д. К вопросу о цифровой грамотности. Society of Russia: educational space? Psychological structures and social values. 2017, Volum 8, Number 6.
5	Цифрлық құзыреттілік – технология, контекст пен оқытуды, сондай-ақ өзара қарым-қатынасты дәйекті түрде қолдана алу қабілеті	From J. Pedagogical Digital Competence- Between Values/ Knowledge and Skills// Higher Education Studies. -2017.-Vol.7.- №.2.– URL: http:// www. ccsenet. org/journal/index. php/hes/article /view/67799
6	Цифрлық құзыреттілік – тәжірибеде кәсіби мәселелерді шешу үшін білім берудегі цифрлық технологиялар мен ғаламдық Интернетті пайдалана отырып ақпаратты іздеу, жүйелеу және сыни тұрғыдан бағалау әдістерін игеру	Приходько О.В. Особенности формирования цифровой компетентности студентов вуза //АНИ: Педагогика и психология. – 2020. – №1(30). – С.236.
7	Цифрлық құзыреттілік – цифрлық технологияларды белсенді енгізу және пайдалану, сондай-ақ олардың негізінде педагогтің жаңа цифрлық ресурстарды құру мүмкіндігіне ие болуы	Горюнова М.А., Лебедева М.Б., Топоровский В.П. Цифровая грамотность и цифровая компетентность педагога в системе среднего профессионального образования //ЧиО.– 2019.–№4(61).–URL: https://cyberleninka. ru/article/n/tsifrovaya-gramotnost-i-tsifrovaya-kompetentnost-pedagoga-v-sisteme-srednego-professionalnogo-obrazovaniya

Цифрлық дағдылар цифрлық технологияларды тез игере білу шапшаңдылығымен айқындалып, өмір жолындағы табыстың критерийіне айналады.

Цифрлық құзыреттіліктің түрлері: ақпараттық және медиақұзыреттілік; коммуникативті құзыреттілік; техникалық құзыреттілік; тұтынушылық құзыреттілік (7-сурет).

Педагогтің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастырудың маңызды сипаттамасы:

1) цифрлы құрылғылармен тиімді жұмыс жасау (педагогикалық сайт және порталдармен жұмыс жасай алу);

2) цифрлы оқыту платформасы, цифрлы оқу контенттімен жұмыс жасай алу;

3) компьютерлік бағдарламаларда жұмыс жасай алу;

4) электронды және мультимедиялық оқулықтармен жұмыс жасау;

5) педагогикалық коучинг, педагогикалық тренинг, вебинарлар ұйымдастыра алу.




Сурет 7– Цифрлық құзыреттіліктің түрлері

8-суретте цифрлық құзыреттілік сипаттамасы ашылды.

Заманауи педагогтің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың төмендегідей артықшылықтары бар: педагог өз бетінше кәсіби біліктілігін жетілдіреді; танымдық белсенділігі артады; креативті ойлауы қалыптасады; шығармашылық ізденісі қалыптасады; зерттеушілік құзыреттілігі

қалыптасады; педагог өз бетінше жаңа ақпаратты, жаңа платформаны игереді; өзін-өзі дамытады.

Цифрлық дағдылар (Digital skills) – дербес компьютерлерді, Интернетті және цифрлық технологиялардың басқа да түрлерін қолдану саласындағы халықтың құзыреттілігі, сондай-ақ адамдардың тиісті білім мен тәжірибе алуға ниеті. Цифрлық дағдылар адамдарға цифрлық мазмұнды құруға және бөлісуге, қарым-қатынас жасауға және жалпы оқуда, жұмыста және әлеуметтік қызметте тиімді және шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру мәселелерін шешуге мүмкіндік береді. Цифрлық дағдылар – ақпаратқа қол жеткізу және басқару үшін цифрлық құрылғыларды, коммуникациялық қосымшалар мен желілерді пайдалану саласындағы білім мен дағдыларға негізделген қалыптасқан, автоматтандырылған мінез-құлық үлгілері.



Сурет 8 – Цифрлық құзыреттілік сипаттамасы

9-суретте цифрлық құзыреттіліктің негізгі дағдылары ашылды.

Дағды педагогтің жұмыс орнында және белгілі бір уақытта, жалпы жағдайда кәсіби қызметті жүзеге асыруды қамтамасыз ету қабілеті ретінде қарастырылады.



Сурет 9 – Цифрлық құзыреттіліктің негізгі дағдылары

Бұл ретте цифрлық дағдылардың жіктелуі цифрлық технологияларды пайдалану мақсатына, қажетті білімнің тереңдігіне, қолданылатын құралдарға және оларды қолдану орнына қарай анықталады:

- күнделікті өмірде цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін тиімді пайдалану үшін қажетті **жалпы цифрлық дағдылар**: интернеттен ақпарат іздеу, бағдарламалық жасақтаманы пайдалану, деректерді өңдеу, талдау;

- цифрлық технологиялар саласындағы өнімдерді, қызметтер мен ресурстарды өндіру үшін мамандарға қажетті **кәсіби цифрлық дағдылар**: жүйелік жобалау, бағдарламалау, қосымшаны әзірлеу, деректерді басқару, бұлтты технологияларды пайдалану және т.б.;

- **проблемалық - бағдарланған цифрлық дағдылар** - мамандандырылған платформаларды, қосымшаларды, бағдарламалар пакеттерін әзірлейтін және пайдаланатын мамандардың дағдылары; автоматтандырылған жүйелер мен платформалар; логистика құралдары; мәселелерді шешуге арналған құрылымдар;

- цифрлық технологияларды қолдану арқылы жаңа міндеттерді орындау үшін ортаның мүмкіндіктерін пайдалануға байланысты **қосымша цифрлық дағдылар** (complementary skills).

- заттар интернетінің инфрақұрылымы және цифрлық экономиканың функционалдық компоненттері негізінде іске асырылатын әртүрлі пайдалы сервистер мен процестерді пайдаланумен байланысты **цифрлық экономика сервистерін пайдалану дағдылары**: бұлтта сақтау, ақпараттық ресурстарды пайдалану және оларды басқару; логистика процестерін орындауды автоматтандыру; 5G технологияларының мүмкіндіктерін пайдалану және т.б.

Цифрлық экономикаға көшу процесінде жалпы және кәсіби цифрлық дағдыларға сұраныс жеделдетілген қарқынмен артады. Дәстүрлі мағынадағы


дағдылар әрдайым оқу процесінің түпкілікті өнімі болып саналады, бірақ цифрлық экономика жағдайында оларға деген сұраныс жүйелі сипатқа ие болады, олар ең алдымен икемді және бейімделгіш болуы керек.

Әлемде цифрлық технологиялардың елеулі дамуы, ең алдымен, интернет мүмкіндіктерінің кеңеюімен және оған бүкіл әлем бойынша көптеген пайдаланушылардың қол жетімділігімен, сондай-ақ компьютерлік және мобильді технологиялардың таралуымен қатар жүреді.

Цифрлы Қазақстан жағдайында цифрлық технологияның қыры мен сырын толық меңгерген заманауи педагогтің өмірге келуі заңды құбылыс.

10-суретте педагогтің цифрлық-технологиялық және цифрлық-әдістемелік құзыреттіліктерінің мәні ашылды.

Цифрлық құзыреттілік – педагогтің цифрлы ортада тиімді желілік қарым-қатынас жасай алуы және т.б. Ал, цифрлық сауаттылық дегеніміз болашақ педагогтердің түрлі цифрлық платформалардың көмегімен ақпаратты табу, іздеу, таңдау, бағалай алуы.



Сурет 10 – Педагогтің цифрлық-технологиялық және цифрлық-әдістемелік құзыреттіліктері

Педагогтің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру оның цифрлы платформаларды меңгеруіне тікелей байланысты болады (3-кесте).

Білім беру процесінің технологиялылығын, білім берудің икемділігін, сондай-ақ білім алушылардың қызығушылығы мен уәждемесін арттыруды қамтамасыз ететін тұжырымдамалық ережелерді дамыту және енгізу бүкіл педагогикалық қоғамдастыққа жоғары талаптар қояды, педагогтің жаңа кәсіби құзыреттіліктер мен цифрлық дағдыларды меңгеруін, цифрлық контентті сенімді меңгеруін талап етеді.

Цифрлық сауаттылық қасиет емес және өздігінен пайда болмайды, бұл цифрлық қоғамда өмір сүруге қажетті білім, дағдылар мен көзқарастар жүйесі.

Қазіргі педагог модератор, білім беру траекторияларын әзірлеуші, тьютор, жобалық оқытуды ұйымдастырушы, онлайн білім беру платформасының үйлестірушісі, стартаптар менторы, ойын шебері, ойын педагогі, майнд-фитнес бойынша жаттықтырушы, сана жай-күйін оқыту құралдарын әзірлеуші болуы тиіс (11-сурет).

Сондықтан қазіргі заманғы педагог қолда бар цифрлық технологияларды тиімді қолдануды біліп қана қоймай, әртүрлі мәтіндік және графикалық редакторларды, ақпаратты өңдеу құралдарын, электронды презентациялар жасау үшін бағдарламаларды қолдана білуі керек, сонымен қатар жаңа технологияларды игеріп, өзін-өзі жетілдіруге және өзінің цифрлық сауаттылығы мен қажетті цифрлық дағдыларын дамытады.



Сурет 11– Білім беруді цифрландыру жағдайында қазіргі педагогтің рөлі

Заманауи педагог келесі цифрлы дағдыларды игеруі керек:

- **жалпы цифрлық дағдылар**: ғаламтордан ақпарат іздеу, кеңсе бағдарламалық жасақтамасын пайдалану, деректерді өңдеу және талдау құралдары және т. б.;

- жаңа тапсырмаларды орындауға байланысты **қосымша цифрлық дағдылар**: білім алушылармен және ата-аналармен қарым-қатынас жасау үшін әлеуметтік желілер мен басқа да цифрлық мессенджерлерді пайдалану;

- **арнайы дағдылар**: цифрлы экономиканың соңғы қызметтерін пайдалану (мысалы, білім беру мазмұнын орналастыру үшін бұлтты технологиялар мен қоймаларды пайдалану).

Заманауи технологиялар шығармашылық пен дараландыру мүмкіндіктерін кеңейтеді, материалды қалай меңгеруге болатындығын

басшылыққа алып, педагогтің білім алушымен тиімді қарым-қатынасына ықпал етеді.

3-кестеде цифрлық сауаттылық компоненттерін бағалаудың негізгі критерийлері (белгілері) ұсынылды.

Педагогтің цифрлық сауаттылығын қалыптастырудың басым бағыттары:

- заманауи компьютерлік техника және бағдарламалық қамтамасыз ету саласындағы педагогтердің білімін, кәсіби біліктіліктерін, сондай-ақ олардың компьютермен жұмыс жасау жылдамдықтарын арттыру;

- заманауи технологияларды (гаджеттер мен қосымшаларды) пайдалану дағдыларымен жұмыс істеуді дамыту;

- Интернеттен және БАҚ-тан ақпаратты верификациялау саласында, сондай-ақ заманауи гаджеттердің адамның күнделікті өміріне пайдасына қатысты көзқарастарды дамыту.

Кесте 3 – Цифрлық сауаттылық компоненттерін бағалау критерийлері

Цифрлы сауаттылық индикаторлары	Білім	Дағдылар	Шарттар
Ақпараттық сауаттылық	Ақпараттың адам өміріне әсер етуінің рөлі мен дәрежесін түсіну	Әртүрлі ресурстардан ақпаратты іздеу және табу мүмкіндігі	Ақпараттың пайдасы мен зиянын түсіну
Компьютерлік сауаттылық	Компьютердің техникалық компоненттерін және олардың өзара әрекеттесу принциптерін түсіну	Платформаға / интерфейске қарамастан сандық құрылғыларды пайдалану жеңілдігі	Компьютерді пайдалану мақсаттарын түсіну
Медиа сауаттылық	Ақпарат көздерінің алуан түрлілігін, оның таралу нысандары мен арналарын түсіну	Жаңалықтарды әртүрлі көздерден іздей білу, олардың толықтығы мен дұрыстығын тексеру	Ақпараттық хабарлама, жаңалықтарға сыни көзқарас
Коммуникативті сауаттылық	Цифрлық коммуникация және тікелей қарым-қатынастың арасындағы айырмашылықты түсіну	Қазіргі заманғы коммуникация құралдарын (әлеуметтік желілер, мессенджерлер) қолдана білу	Цифрлық ортада қарым-қатынастың ерекше этикасы мен нормаларының болуын түсіну
Технологиялық инновацияларға деген көзқарас	Технологиялық трендтерді түсіну	Жаңа және заманауи технологиялар, қосымшалар, гаджеттермен жұмыс істеуге дайын болу	Технологиялық инновацияның қоғамды дамыту үшін де, жеке өзі үшін де пайдасын түсіну

Осылайша, қазіргі педагогтің кәсіби даму құрылымында цифрлық сауаттылықтың төмендегідей негізгі ережелерін анықтауға болады:

- жаңа цифрлық технологияларды (ақпаратты өңдеудің интерактивті құралдары, мобильді технологиялар, электрондық ресурстар, цифрлық коммуникация құралдары) тиімді пайдалану;

- Интернетте тиімді бағдарлану, жаңа білімді, деректердің әртүрлі нысандары мен түрлерін іздеу және өңдеу мүмкіндігі;

- заманауи цифрлық технологияларды қолдану арқылы жаңа білім беру өнімдерін, интерактивті оқу материалын жасау мүмкіндігі.

Бүгінде әрбір педагог өз тәжірибесінде цифрлы технологияларды кеңінен пайдаланады. Педагогтің міндеті – әр білім алушыға өзін дәлелдеуге мүмкіндік береді, нәтижесінде білім алушының тұлғалық сапалары қалыптасады.

Педагогтердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру үшін қолданылатын технология азды-көпті ашық болуы керек. Педагогтердің цифрлық білім беру стратегиясын анықтау кезеңінде білімге деген көзқарасты өзгертудің педагогикалық салдарларына назар аудару маңызды.

Цифрлық технологияның адам дамуындағы рөлі және ақпарат көздерін сыни тұрғыдан бағалау қабілеті бойынша этикалық сұрақтарды ескере отырып, цифрландырудың қоғамға әсеріне назар аудару маңызды.

Педагогтердің цифрлық құзыреттілігін дамыту екі бағытта – бір жағынан практикалық білім және екінші жағынан өзіндік рефлексияны зерттеу барысында жүзеге асады: түсіну; пайымдау; сындарлы ойлау; ізденіс; жаңашылдық.

Педагог АКТ-ны пайдалана отырып, педагогикалық және дидактикалық кешендерді дамыта алады: микродеңгей (өзара әрекеттестік деңгейі); мезодеңгей (курс деңгейі); макродеңгей (35-сурет).

Педагогтердің цифрлық құзыреттіліктерін қосымша дамытуға мүмкіндік бар:

- 1) цифрлық платформаларды кеңінен пайдалану;
- 2) желілік байланыс мүмкіндіктерін ұлғайту;
- 3) өзара ынтымақтастық орнату;
- 4) оқу-әдістемелік кешенді жасау және пәннің цифрлық контенттерін әзірлеу;
- 5) цифрлық платформалармен танысу;
- 6) ақпаратты іздеу, анықтау, сұрыптау, өңдеу;
- 7) оқу-тәрбие процесінде цифрлы технологияларды өңдеп, шығармашылықпен пайдалану;
- 8) желідегі белсенділікті дамыту, бақылау және бағалау;
- 9) білім сапасы мен білім алушылардың даму деңгейлерін бағамдау;
- 10) білім алушылардың белсенділіктерін арттыру.

12-суретте цифрлық платформаларды пайдалану әдістемесі ұсынылды.

Ақпараттық қоғамда уақыт талабына ілесіп, өмір сүріп, еңбек етіп, білім алу үшін кез келген цифрлық платформада жұмыс жасай алатындай цифрлы құзыреттіліктері қалыптасқан цифрлы педагогтердің - жаңа буын педагогтерінің өмірге келуі заңды құбылыс.

Цифрлық технологияларды тиімді қолдану білім беру сапасының көтерілуіне әсер етеді. Цифрлық құрылғылар әрбір білім алушыға қолжетімді болуы тиіс. Цифрлық ортада педагогтің дербес жұмыс жасауына мүмкіндік ашылады.



Сурет 12 – Цифрлық платформаларды пайдалану әдістемесі

13-суретте цифрлық технологияларды пайдаланудың артықшылықтары ашылды.



Сурет 13 – Цифрлық технологияларды пайдаланудың артықшылықтары

Цифрлы технологияларды білім беру қызметін әр білім алушының білімділік деңгейіне, оның қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне бейімдеу мақсатында пайдалануға болады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» ҚР Президентінің Қ.Тоқаевтың Қазақстан Халқына Жолдауы. – Астана, 2022 // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K22002022_2
2. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы // <http://adilet.zan.kz/kaz>

3. Бузаубакова К.Д. Қазақстан Республикасында қашықтықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-күзиреттіліктерін қалыптастырудың теориясы мен практикасы: Монография. – Тараз: «ИП Бейсенбекова А.Ж.», 2023. – 312б.
4. Бузаубакова К.Д., Амирова А.С., Маковецкая А.А. Цифрлы педагогика [Электрондық ресурс]: оқулық - Тараз, 2022. - 314 б.
5. Бузаубакова К.Д., Беделбаева А.Е. Цифрлы білім беру ортасындағы педагогтің қызметі: Оқулық. –Тараз: «ИП Бейсенбекова А.Ж.», 2024. -127б.
6. European Commission. Recommendation of the European Parliament and of the Council Official of the key lifelong learning competences // Journal of the European Union. 30 December 2006/L394. – P. 10–18.
7. Полат Е.С. Теория и практика дистанционного обучения : учебное пособие для вузов /Е.С. Полат [и др.]; под редакцией Е.С. Полат. –2-е изд., перераб. и доп. – Москва: Издательство Юрайт, 2023. –434 с. – (Высшее образование). –ISBN 978-5-534-13159-8.–Текст: электронный //Образовательная платформа Юрайт [сайт].–URL:<https://urait.ru /bcode/ 518643> (Қаралған күн: 28.05.2023).
8. Krumsvik R. A. Digital competence in Norwegian teacher education and schools // Högre Utbildning. – 2011. – № 1 (1). – P. 39–51.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ КЕҢІСТІКЕ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ АСПЕКТІЛЕРІ



ДЖАНГАРАШЕВА
Ардақ Толепбаевна

**Жамбыл облысы Шу ауданы
Төле би атындағы орта мектебінің
директоры**

«Қазақтың тағдыры, келешегі мол ел болуы да мектептің қандай негізге құрылуына тіреледі. Мектебімізді сау, берік, һәм өз жанымызға қабысатын, үйлесетін негізге құра білсек, келешегімізге тайынбай серттесуге болады. Ал сондай негізге құра алмасақ, келешегіміз күңгірт» деп ұлы педагог М.Жұмабаев айтқандай, біздің болашағымызды мектеп айқындайтыны анық. Дәл қазіргі уақытта біз ақпараттық қоғамда өмір сүріп отырмыз. Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет, сондықтан педагогикалық еңбектің өнімділігін сапалы өзгертетін оқыту мен тәрбиелеудің жаңа үлгілері мен әдістерін құру процесінде инновациялық іс-әрекет үлкен рөл атқарады.

Инновациялық іс-әрекет деп мұғалімнің өз тәжірибесінде әлдеқайда жоғары нәтиже беретін белгілі сатыда біртіндеп енген жаңалықтың сапалы өсу динамикасын айтады. Мұғалімнің инновациялық іс-әрекетінің қалыптасуы: өзінің жеке қасиеттерін есепке ала отырып, басқалардың инновациялық тәжірибесін өзгерту, жетілдіру, қабылдау қабілетімен; жаңа ғылыми идеялар мен басқалардың тәжірибесімен хабардар бола отырып, өз жұмысының нәтижесін ұғыну қажеттілігімен; жаңа ғылыми зерттеулер, олардың әдістемелік жүзеге асуын үздіксіз тәжірибеге енгізумен; педагогикалық инновацияның жаңа әдістері мен тәсілдерін өз бетінше жасаумен; педагогикалық кертартпалықпен, артта қалушылықпен белсенді күресуімен сипатталады.

Бүгінгі ғылым мен техниканың қарқынды дамып, еліміздің экономикасы өсіп отырған кезеңде, оқушылардың сапалы білім алып, ғылыми-шығармашылық, зерттеушілік ізденісін қалыптастыру мақсатында мектебімізде бірнеше инновациялық жобалар іске асты, айтар болсақ: жоғары оқу орындармен меморандумға отыру арқылы ғалымдармен бірлескен ғылыми жобалар жазылып қорғалуда, дарынды балаларға арналып ашылған «Кіші академия» орталығы, патриоттық тәрбие бағытында құрылған «Смарт сарбаз» сыныбы, экологиялық бағытта жасалған «Қысқы бақ», «LessonStudy – іс тәжірибедегі оқыту мен оқуды жетілдірудің тиімді жолы» атты ғалымдармен

бірлесіп сабақты зерттеу барысында жазып шығарған оқу-әдістемелік құралымызды айтуға болады.

Lesson study Жапонияда XIX ғасырда жаңа жалпы білім беретін жүйе орнатқан уақытта мектеп базасында, сонымен қатар, өңірлік және ұлттық деңгейде пайда болды. Мұғалімдер жаңа оқыту әдістемесін талқылап, оны нақты сабақтарға бекіте бастады. Соңында бұл үдерістерді Lesson study деп атады. Содан кейін Lesson study тәжірибесі Жапониядағы барлық мектептерге берілген. Lesson study - зерттеу сабағы болып табылады. Осы орайда жыл сайын өте жоғарғы деңгейдегі қарқынмен өзгеріп жатқан әлем жағдайында көшке ілесіп, болашақ жастарға сапалы білім беру үшін мұғалімдердің үздіксіз кәсіби тұрғыда дамуы қажет. Сол себепті ұжым болып жинақтаған іс-тәжірибемізбен бөлісу және тарату мақсатында, біздің мектебіміз жетекшілік ететін желілік қоғамдастыққа мүше (Абай, Домалақ ене, Қ.Сәтпаев, Жиенбет, К.Әзірбаев) мектептерімен оқу жылының басында ынтымақтастықта бірлесе жоспар жасалынып, 9 фокус топ құрылды.

Білім сапасын арттыруда және оқушылардың құзіреттілігі мен дағдысын қалыптастыруда ең алдымен оқыту сапасын, яғни сабақтың сапасын жақсарту болып табылады. Сондықтан да мектебімізде мұғалімдерге қойылатын талаптардың бірі – оқытудың тиімді әдіс тәсілдерін меңгеру және оқытуда ұтымды қолдану. Осы орайда Lesson Study зерттеу сабағы мұғалімдердің кәсіби біліктілігін көтерудің, білім жетілдірудің, тәжірибе алмасудың оңтайлы әдісі екендігіне көзіміз жетті (1-сурет).

Күні кеше басқа ұстаздардың сабақтарына қатысушылар негізінен тек мұғалімнің әрекеттерін бақылап, олардың кем-кетік жерлерін тізбектеп, сабақ талқылап, сол кемшіліктерді тілге тиек етіп, мұғалімге ақыл айтып, нұсқау беретін. Ал бүгінде сабақты зерттеу тәсілі бойынша сабаққа қатысқандар өздері таңдаған зерттеу проблемасы ауқымында оқушының әрекеттерін бақылап, олардың қалай оқытындықтарына назар аударып, оқушылармен сұқбаттасып, олардың оқудағы жетістіктері мен қиындықтарын айқындайды. Сабақты талқылағанда осыларды дерек ретінде қолданып, сабақты жақсартуға қолдануда. Мұндай жұмыс мұғалімдердің сабаққа дайындалу және сабақты бақылау мәдениетінің өзгеруіне алып келетіндігі даусыз. Өткізілген іс-шараларда тек қана озық тәжірибелерді ғана көрсетіп қоймай, одан шығу жолын іздестіруге бірлескен оқу жұмыстары да орын алуда. Бұл дегеніміз кез келген мектептер мен әріптестер арасындағы ынтымақтастықтың, білім берудегі жауапкершіліктің бар екендігін көрсетеді. Мұғалімдер зерттеу барысында өз сабақтарында білімдері мен біліктіліктерін шыңдады. Өйткені, олар өз тәжірибесін жаңа технологиямен сәйкестендіре білді.

Сабақты зерттеу тәсілі оқыту мен оқуды жетілдіру саласында ғана емес, сонымен қатар, педагогикалық білімді жетілдіру, оқу бағдарламасы мен оқытуды құрылымдау, мектепті басқаруды жүргізу болып та табылады. Бұл жерде басты назарда «сабақты зерделеу» тұрады.



Сурет 1 – Lesson Study зерттеу сабағының 1-кезеңі

Мұғалімдер оқу сапасын арттыру үшін белгілі педагогикалық тәсілді, оқыту мен оқудың әдіс-тәсілдерін қалай дамытуға болады деген мәселені шешу үшін оқушылардың білімді қалай игергендігін зерттейді, осы тұста оқушылардың да үніне «Оқушы үні» («Голосученика», «PupilVoice») – 2004 жылы Дж. Раддок бастаған Кембридж университетінің зерттеушілері бастама жасаған жобасы және сол жоба арқылы олар оқушылардың оқу мен оқыту үдерісіне байланысты ой-пікірлеріне назар аударып, мектеп басшыларымен қауіпсіз де ашық диалогтар орнату арқылы мектеп проблемаларын да айқындауға болатындығын дәлелдеп берді (2-сурет).

Оқушылар күнделікті сабақ барысында «Менің де айтарым бар», «Соңғы сөзді мен айтайын», «Сөз кезегін мен алайын», «Сөзіме құлақ салсаңыз» секілді ой талқылаулармен ауызша да, жазбаша да жүзеге асырып, оқушы пікірі де кез келген жерде тыңдалып, құндылығын жоймауға тиіс. Сабақты зерттеу тәсілі: сабақ жоспарлау, сабақ жоспарын талқылау, зерттеу сабағын өткізу, сабақтан

кейінгі талдауды қамти отырып, оқыту мен оқу тәжірибесін жетілдіру, соның нәтижесінде түпкі мақсат – оқушылардың оқу үлгерімін арттыруды көздейді.

Желілік қоғамдастық мектептермен жүргізілген зерттеулер барысында әдістемелік көмек ретінде облыстық білім басқармасының білікті мамандарымен бірнеше рет зум платформасында дәрістер өткізілді және мектебіміздің тәжірибелі-шебер ұстаздарымен коучингтер, семинар-практикумдар жүргізілді.



Сурет 2– Lesson Study зерттеу сабағының 2-кезеңі

Жыл бойы жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін 9-фокус топ мүшелері презентация түрінде қорғап, қорытынды есебін берді. Мектебімізде жүргізілген зерттеу жұмыстарды қорытындылай келе, Lesson Study зерттеу сабағы мұғалімдердің кәсіби жетілуге көмектесті. Себебі бірлесіп жоспарлау, бірлесіп қадағалау, бірлесіп талдау, оқыту туралы бірлескен пікір қалыптасады. Зерттелетін жекелеген оқушылардың оқудағы қажеттіліктері мен мінез-құлықтарына назар аударып, сол арқылы олар туралы көбірек біле отырып, біз өз оқушыларымыздың әр біреуін анағұрлым жақсы тану арқылы, оқушының қажеттіліктерін ескеріп отыруға мүмкіндік береді.

Lesson Study тәсілін мектебімізде оқу және оқыту практикасына енгізу табысты іске асырылды. Оқушылар сабаққа ынтымақтастықпен келеді. Мұғалімдер мен оқушылардың іс-әрекеттеріне бағытталған мақсаттар зерттелетін сынып деректерін талдау және жинау негізінде өз нәтижелерін көрсетті және проблемалық тақырыпты шешуге ықпал етті.

Зерттеу сабақтарын өткізу мұғалімдер тобын жұмылдырды, кәсіби дағдыларды дамытуға, тәжірибе алмасуға ықпал етті. Біз сенімді қарым-қатынас орнаттық, командада жұмыс істеуді үйрендік, мұнда әркім нәтижеге жауапты болады. Ең бастысы-балаларды оқуға үйрету.

«Шәкірт – нығырлай беретін ыдыс емес, керісінше тұтандыруды талап ететін шырақ» делінгендей, елдің ертеңі білімнің тереңдігімен өлшенеді. Олай болса оқушылардың сыни ойлау қабілетін, жеке шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту және оларды шынайы өмірдегі дара тұлға етіп дайындау мұғалімнің басты мақсаты. «Тәжірибе - негізі ғылым, даналық - негізі білім» дегендей білім сапасының артуына өз үлесін қосып, талмай-қажымай еңбек етіп келе жатқан ұстаздар қауымының өз тұғырынан түспей, әлі де біраз белесті бағындырарларына сеніміміз мол.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Бұзаубақова К.Ж. Мұғалімнің инновациялық іс әрекетке даярлығын қалыптастырудың теориясы мен практикасы. Монография. - Алматы: «Жазушы», 2009. - 456 б.

2. Омарова Г.Б. Научно-исследовательская работа учителя как средство совершенствования учебно-воспитательного процесса школы// Поиск. -1999. - № 4. -С. 64-69.

3. Lesson Study бойынша мұғалімдерге арналған нұсқаулық
Fernandez, Clea; Yoshida, Makoto, (2004), "LessonStudy: A Japanese Approach ToImproving Mathematics Teaching and Learning", Lawrence Erlbaum Associates

4. Яковлева Н.М. Исследовательский метод в обучении как основа в формировании умений педагогического творчества будущих учителей// Методы и их дидактические функции. - Сб. статей. Челяб. гос. пед. ин-т. - Челябинск: Челяб. ГПИ, 1978. -108 с.

ИССЛЕДОВАНИЕ УРОКА В РАМКАХ ОБНОВЛЕННОГО СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ



НАУРЫЗБАЕВА
Элмира Мухаметжановна

**Методист Шуского отдела образования
Жамбылской области Республики
Казахстан**

Ключевым фактором при глобализации и модернизации - это качественные изменения в образовании. В настоящее время в условиях обновленного образования, методическую работу рассматривают как движущую силу в условиях преобразования.

Школьное образование должно соответствовать запросам общества. Использование различных видов, методов и техник оценивания, особенно важно при личностно-ориентированном подходе в обучении.

Основной задачей методиста, является создание условий для профессионального роста педагога, развитие профессионально-педагогической компетентности педагогов, создание условий для активной исследовательской и наставнической деятельности. Во время методической работы, вела наблюдение за учебным процессом, в посещаемых школах. Наблюдая за деятельностью педагогов школ, сравнивая и сопоставляя приемы и методы их работы, получила богатый материал о работе учителей. Увидела обучение, разницу между тем, что должно происходить во время обучения, и тем, что происходит в реальности. Учителя, которые преодолели трудности первых 5 лет, умело планируют и осознанно выбирают методы обучения и воспитания. Сложно было работать учителям старой формации, переобучение идет с препятствиями.

В школах из числа сертифицированных учителей продвинутого уровня созданы сетевые сообщества, по району их 10. Проекты «Онлайнурок», «1+10 мастерская отличников просвещения», «УрокТІМЕ» умело внедрены в учебный процесс школ. Проведены открытые уроки, семинары, коучинги, вебинары, семинары-практикумы и круглые столы, исследование в действии мастер классы педагогами-исследователями и педагогами-мастерами. Учителя научились ограждать себя от ненужной внешней информации. Уроки исследования (LessonStudy) помогают совершенствоваться как опытным, так и начинающим учителям.

Сначала учебного года координаторами сетевого сообщества ведущей школы Толе би (Домалак ене, Сатпаев, Жиенбет, К.Азирбаева) был составлен

план работы и серии уроков по внедрению уроков исследований в 9 фокус группах. В результате совместного планирования, совместного наблюдения, совместного анализа учителя формировали «совместное представление» об обучении. Аспекты обучения в данном случае рассматривались с позиции коллег, с которыми готовили исследование уроков. Фактическое обучение, наблюдаемое на исследование урока, сопоставляется с обучением, которое представлено в теории. Разработанные и выбранные методы в ходе исследования заново пересматривались, так как было много несовместимого. Положительный результат урока не от того, насколько понятно и доступно рассказано ученику о каких-либо событиях, фактах, и то как учащийся сможет их понять, охарактеризовать и применить. Речь не идет о предоставлении детям неограниченной свободы на уроке. Здесь имеется в виду хорошо спланированный самостоятельный труд детей, незаметно направленный и регулируемый учителем. На уроках обучающиеся разговаривают друг с другом, задают вопросы учителю и одноклассникам, передвигаются по кабинету для работы с другими обучающимися; пишут, составляют схемы, рисуют для того, чтобы поделиться с другими; объясняют, демонстрируют, делают записи друг для друга; сидят лицом друг к другу, естественны, непосредственны. Все эти качества являются важными для формирования функциональной грамотности обучаемых. Обучающийся, умеющий обучаться, знающий, как использовать информацию в нужных целях; взаимодействующий с другими людьми и обладающий целым комплексом умений и навыков, способен жить и действовать в условиях меняющегося мира. Педагоги при планировании стремились отобрать те формы, которые реально позволило бы решить задачи.

Обобщая и сравнивая проделанную работу в 9 фокус группах, наблюдается повышение уровня мотивации учащихся в познавательной деятельности, определение недостатков в процессе обучения оценивания для обучения, внедрение методов «исследования урока», «исследование в действии», повышение мастерства учителя и улучшение качества урока, создание коллаборативной среды в процессе обучения, улучшается работа в сетевых сообществах для обмена опытом и повышения профессионального мастерства учителей.

Список использованных источников

1. Руководство для учителя. Первый (продвинутый) уровень, второе издание, 2012 год
2. Dudley, P. (2011) How Lesson Study orchestrates of teacher knowledge and teacher learning to create profound changes in professional practice [Каким образом Lesson Study определяет основное содержание знания и обучения учителя для создания значительных перемен в профессиональной практике] Presented at the World Association of Lesson Study Annual Conference, Tokyo.

САБАҚТАҒЫ ІС - ӘРЕКЕТТІ ЗЕРТТЕУ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘСІЛ



ҚОЙБАҒАР
Раушан Үшкемпірқызы

**Домалақ ене атындағы
орта мектебінің директоры**

*Топтық талдау жемісі – Lesson Study.
Бірге жиналу – бұл бастама,
Бірге қалу – бұл алға жылжу,
Ал бірге жұмыстану – бұл жетістік.
Генри Форд*

Lesson Study – мұғалімдер тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған ынтымақтастық педагогикалық тәсіл. Бұл тәсіл ХІХ ғасырдың 70-ші жылдарында Жапонияда негізі қаланған. Мұғалімдер жаңа оқыту әдістемесін талқылап, оны нақты сабақтарға бекіте бастады. Соңында бұл үдерістерді Lesson Study деп атады.

1999 жылға дейін Жапондықтардан басқа Lesson Study-ды аздаған адамдар ғана білетін. Тек Жапониядағы мұғалімдер ұзақ уақыт бойы Lesson Study-ды тәжірибеде қолданған. Жапониядағы Lesson Study-дың маңызы бүкіл әлемге танымал болды.

Бүгінгі мектеп партасындағы әрбір бала – ертеңгі болашақтың қоғам иесі. Сондықтан болашақтың иесі – алдымызда отырған оқушыларға алғашқы күннен бастап-ақ сапалы білім, саналы тәрбие беріп, білімнің нәрлі қайнарымен сусындату үшін ұстаздар қауымы педагогикалық шеберліктің, тәжірибенің негіздерін дұрыс қолдана білуі тиіс. Сондықтан оқушыларды шығармашылық бағытта, жан-жақты дамыту – бүгінгі күннің басты талабы.

Қазіргі әлемде болып жатқан өзгерістер білім беру саласына да әсер етуде. Білім беру жүйесін жаһандану заманында өзгерту жалпы мектептер үшін де, мұғалімдер үшін де маңызды болып отыр. Мұғалімдер жұмыстарына жеткілікті көңіл бөле білу арқылы ғана оқушының білімі мен дағдыларын дамытып, алған білімдерін жай пайдаланып қана қоймай, оларды өмірде орынды жеріне қолдана білуіне басты назар аударады. Баланың бойында қалай оқу керектігін үйренуді қалыптастыруға мән бере отырып, оларды жеке тұлға ретінде дамытуымыз қажет болып отыр. Зерттеу жұмыстары көрсеткендей, баланың бәрі белгілі бір қабілетке ие.

Lesson Study — мұғалімдер тәжірибесі саласындағы білім жетілдіруге бағытталған ынтымақтастық педагогикалық тәсіл. Lesson Study–ге жоспарлау, оқыту, қадағалау, оқыту мен оқуды талдау, өз қорытындыларын тұжырымдап, құжаттарды бірлесіп жүзеге асыратын мұғалімдер тобы қатысады. Lesson Study-дің циклін өткізген соң мұғалімдер педагогикалық тәсілдерді түрлендіріп немесе жетілдіріп, кейіннен ашық Lesson study, таныстырылым өткізу, баспада жариялау арқылы әріптестеріне таратады.

Сабақты зерттеу, яғни Lesson Study әдісінің мазмұны бойынша құнды мәліметтер беріп, олардың тәжірибесінің жақсаруына көп септігін тигізетіндігі сөзсіз. Осы секілді құралдардың арқасында еліміздің педагогтары Lesson Study әдісі туралы өз түсініктерін кеңейтіп, оның ерекшеліктерімен танысуда. Сабаққа қатысушы басқа ұстаздар тек мұғалімнің әрекеттерін бақылап, олардың кем-кетік жерлерін тізбектеп, сабақ талқылауда сол кемшіліктерді тілге тиек етіп, мұғалімге ақыл айтып, нұсқау беретін.

Ал бүгінде Lesson Study әдісі бойынша сабаққа қатысқандар өздері таңдаған зерттеу проблемасы ауқымында оқушының әрекеттерін бақылап, олардың қалай оқитындықтарына назар аударып, оқушылармен сұхбаттасып, олардың оқудағы жетістіктері мен қиындықтарын айқындап, сабақты талқылағанда осыларды дерек ретінде қолданып, сабақты жақсартуға қолданады.

LESSON STUDY – ЖАҢАШЫЛ ҰСТАЗДЫҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІН АРТТЫРУ



ДАЙРАБАЕВА
Құралай Әубәкірқызы

Абай атындағы орта
мектебінің директоры

*Зерттеу ой әлемін ар жағынан бір,
бер жағынан бір шығып,
еркін шарлауға мәжбүр етеді.
Людвиг Витгенштейн*

Заманауи мектептегі әр ұстаздың алдына қойған мақсаты – бұл өзінің кәсіби шеберлігін заман талабына сай арттырып отыру. «Сабақты зерттеу» үрдісінің түйінді сипаты креативтілік пен ғылыми дәлдік болып табылады. ҚР Президенті Қ.Тоқаев республикалық съезінде: "Жаңа дәуірде мектептің жағдайы мемлекеттің дамуына тікелей ықпал етеді. Ал мектептің қандай болмағы ұстазға байланысты. Бүгінде педагогика саласы ғылымның ең маңызды тармағының біріне айналды.

Сондықтан, бұл салаға түбегейлі жаңа көзқарас қажет. Заманауи технологияның көмегімен білім беру жүйесін жедел әрі тиімді жаңғыртуға болады. Біз білім саласын ең үздік халықаралық стандарттарға сай дамытуымыз керек", - деп атап өтті. Білім беру саласында оқушылардың танымдық білімін қалыптастырумен қатар білік дағдыларын дамыту, зерттеу, қажеттіліктерін қанағаттандыру қажеттілігі танылып отыр. Білім берудің жаңа мазмұны бойынша сабақ үрдісінде берілетін теориялық білімді оқушылардың өмірде қолдана білуіне жан-жақты басымдық берілген. Барлық білім алушылардың білім алуға құштарлық деңгейі бірдей емес болғандықтан, білім алуда қандай кедергілер бар екенін анықтау маңызды. Яғни, бүгінгі таңда іс-әрекетті, сабақты зерттеу жұмыстарын жүргізу өте актуалды болып отыр.

Lesson study зерттеу әдісі іс-әрекетті, сабақты зерттеуге өте тиімді тәсіл. Зерттеу барысында ұстаздар:

- Бірлесіп жұмыс жасау барысында өзара тәжірибе алмасады;
- Жақсы қарым-қатынас орнайды, бір-бірін қолдайды, пікір алмасады;

- Креативтілік, ғылыми ойлау, іздемпаздық дағдылары дамиды;
- Сабакты талдау, саралау дағдылары қалыптасады;
- Білім алушының қажеттіліктерін анықтай алады;
- Жаңа технологияларды меңгереді;
- Тәжірибе жинайды.

Ал, білім алушылар зерттеу барысында:

- Креативті, сыни тұрғыдан ойлау дағдылары дамиды;
- Ішкі қажеттіліктерімен ұстазбен бөлісе алады және қанағаттандырады;
- Өз ойын жеткізе алады;
- Білімге құштарлығы, қызығушылығы оянады;
- Ұстазбен жақсы қарым-қатынас қалыптасады.

Қорыта айтқанда, қай кезде де мұғалім білім мекемелерінде негізгі тұлға болып қала береді, себебі оқушыға білімді өз бетімен үйренуі үшін жетекшілік қызметін атқарады. Мұғалім тек қана өз шәкірттеріне ғана емес, жан-жақты, білімді, заман ағымына сай жаңашыл ұстаз болса, өз идеяларымен, ой-мақсаттарымен өз әріптестері үшін соңынан ілестіретін көшбасшыларына айналады. Lesson Study оқушыларға саналы білім берудің көздеген бір мақсатқа жұмсалған ұстаздар шеберханасы десекте артық етпейді.

ТАБЫСТЫ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ҚҰЗЫРЛЫ МҰҒАЛІМ



БАЙДАУЛЕТОВ
Бағлан Жұмабекұлы

**Қаныш Сәтпаев атындағы
орта мектебінің директоры**

*Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге
қол жеткізген анағұрлым танымал оқыту
әдістемелері арасында сындарлы (конструктивті)
теориялық оқытуға негізделген тәсіл кең тараған .
Hattie*

Lesson Study оқушылардың білім деңгейін көтеру және оқыту әдістемесін жетілдіру мақсатында қолданылады. Мұнда тәжірибелі мұғалімдермен қатар, жас мамандарға да кәсіби жетілуге көмектеседі. Бірлесіп сабақты жоспарлау, зерттеу сабағын өткізу, қадағалау, сабақты талдау арқылы оқыту туралы бірлескен пікір қалыптасады. Сабақты зерттеу тәжірибе алмаса отырып, кәсіби қоғамдастық құруға септігін тигізетін мұғалімдердің бірлескен жұмысын зерделеуді көздейді.

Сындарлы әдіс бойынша оқушылардың оқып-үйренуінде қандай қиындық пен кедергі барын анықтап, сыныптағы проблемалардың шешу жолын зерттейді. Lesson Study үдерісінде оқу сапасын арттыру үшін белгілі бір тәсілді қалай дамытуға болатындығын анықтау мақсатында оқу үдерісін зерделейді.

Сабақты зерттеу үдерісі бірнеше қадамдардан тұрады. Ең бастысы сабақты зерттеу үдерісі болып табылады. Бұл үдеріс барысында ынтымақтастықтағы мұғалімдер оқу сапасын арттыру үшін белгілі бір тәсілді қалай дамытуға болатындығын анықтау мақсатында оқушылардың оқу үдерісін зерделейді.

Сабақты зерттеу үдерісінің қадамдары: зерттеу тобын құру, оқыту мақсатын әзірлеу, сабақты жоспарлау, зерттеуді жоспарлау, сабақты өткізу, оны бақылау, бақылау нәтижелерін талқылау, жақсартуды енгізу, құжаттау және талдау. Сабақты зерттеу әдісі кәсіби әрекеттердің аясында жүзеге асады: бірлесу, ақылдасу, қолдау. Lesson Study циклін өткізу кезінде мұғалімдер оқыту тәжірибесінде жаңа әдістер енгізеді немесе оны жетілдіреді. Сабақ жоспарында орындалатын жаттығулар, көтерілетін мәселелер, қойылатын сұрақтар, сол

шаралар бойынша оқушылардан күтілетін әрекет болжанып, мұғалім оларға қалай жауап беруді жоспарлайтыны көрсетіледі.

Зерттеу сабағын жоспарлау барысында оқушылардың тапсырмаларды қалай қабылдап, оларды қалай орындайтынын болжайды. Оқушылардың ойлау яғни, сыни үдерісін дамытуға көмектесетін мұқият тұжырымдалған сұрақтар мен тапсырмалар қарастырылады. Кейін сабақ барысында оқушының ол тапсырманы қалай орындап шығатынын қарастыру қажет.

Зерттеу сабағы кезінде оқушының сабаққа қалай араласатынына және оның оқуына көңіл бөлінеді. Оқушылардың қаншалықты алға жылжығандығының және жоспарланған нәтижемен салыстырғанда олардың қай деңгейге жеткенінің дәлелдерін бақылайды. Егер бір дағдының дамуын, қалыптасуын анықтау көзделсе, оқушылардың осы дағдыны меңгеруіне қарай, яғни бұл дағдыларды жоғары деңгейде, орта деңгейде және төмен деңгейде меңгерген оқушылар қадағаланады. Оқушылардың тапсырманы орындау барысында іс-әрекеттерін зерделей отырып, олардың ұғымды, құбылысты қаншалықты түсінгені, не қате түсінгені туралы, олардың тапсырманы орындауға қанша уақыт жұмсайтыны және қанша уақыт бос отыратыны туралы, оқушыларға табысқа жетуге көмектесетін немесе кедергі келтіретін факторлар туралы терең түсінеді.

Сабақты қадағалау барысында жиналған деректер бойынша талқылау жүргізіледі. Сыни ойлау кезінде оқушылар оқу мақсатына жетті ме, сабақты қалай жетілдіруге болады және бұл тәжірибеден қандай сабақ алуға болады деген мәселелерге назар аударылады.

Сабақты талдау барысында зерттеу тобы сабақты қайта қарау жолдарын анықтайды. Нәтижесінде Lesson Study тәсілі- оқушылардың білім деңгейін көтеру және оқыту әдістемесін жетілдіру мақсатында сабақтағы іс-әрекеттегі зерттеудің ерекше үлгісі болып табылады.

LESSON STUDY – САБАҚ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛІ



СЕЙПИШЕВА
Аксункар Альдибаевна

Жиенбет негізгі мектебінің
директоры

«Елді түзету ісін бала оқыту ісін түзетуден бастау керек».
А.Байтұрсынов

Мұғалімнің өз кәсіби білімін жетілдірудің ең тиімді әдісі-«Lesson Study». «L.S» әдісінің тарихына көз жүгіртсек, бұл тәсіл 1970 жылдан бастап барлық Жапония мектептерінде кеңінен қолданылады және бұл әдіс мұғалімдердің біліктілігін арттырудың ең биік шыңы болып саналады. Себебі, бірнеше мұғалім бірігіп, ынтымақтастықпен тәжірибе алмаса отырып, бір мақсатта бір-біріне қолдау көрсете отырып, жақсы нәтижеге жетуге ұмтылатын бірлескен педагогикалық тәсіл.

Lesson Study бірге жоспарлап, оқытып, қадағалап, өз ойларын тұжырымдап, ұсыныстар енгізіп, қайта жоспарлап, құжаттарды бірлесе дайындайтын мұғалімдердің ұжымдасқан жұмысының бір көрінісі іспеттес. Мұндай әдіс кеңінен таралған және мұғалімдер дауымына да, ұрпақтарымызға да берері мол. Ұстаздар бірлесіп жұмыс істеу арқылы мынандай нәтижеге жетеді:

- Бірлесіп жұмыс жасау барысында өзара тәжірибе алмасады;
- Жақсы қарым-қатынас орнайды, бір-бірін қолдайды, пікір алмасады;
- Креативтілік, ғылыми ойлау, іздемпаздық дағдылары дамиды;
- Сабақты талдау, саралау дағдылары қалыптасады;
- Білім алушының қажеттіліктерін анықтай алады;
- Жаңа технологияларды меңгереді;
- Тәжірибе жинайды.

Ал, оқушыларымыз зерттеу барысында:

- Креативті, сыни тұрғыдан ойлау дағдылары дамиды;
- Ішкі қажеттіліктерімен ұстазбен бөлісе алады және қанағаттандырады;
- Өз ойын жеткізе алады;
- Білімге құштарлығы, қызығушылығы оянады;
- Ұстазбен жақсы қарым-қатынас қалыптасады.

Бұрынғы тәжірибемізде сабақ жоспарларын бірігіп құру, сабақты бірігіп зерттеу, бақылау, проблемаларды бірігіп шешу деген бұрын болмаған еді, Lesson Study мұғалімдердің кәсіби біліктілігін көтерудің, білім жетілдірудің, тәжірибе алмасудың оңтайлы әдісі екендігіне көзіміз жетті. Оқушы тақырыпты жақсы меңгеруі үшін бірнеше сабақ бойы түрлі әдістерді қолданып, бақылап, зерттеп, соңында тиімді тәсілді анықтау арқылы жетістікке жетуге болады.

Қай кезде де мұғалім мектептегі негізі тұлға болып қала бермек, себебі оқушы білімді өз бетімен меңгеруі үшін оған жетекшілік қызмет атқаратын мұғалім. Мұғалім тек өз сабағында өз шәкірттерін жетелеуші ғана емес, кәсіби күзіретті, жан-жақты білімді, заман ағымына сай жанашыл болса, өз идеялары мен ой-мақсаттарын әріптестерінің де санасына сәуледей сіңіріп, еріксіз еліктіріп, соңынан ілестіріп көшбасшы бола алады.

Lesson Study - оқушыға саналы білім беруді көздеген бір мақсатқа жұмылған ұстаздар шеберханасы десек артық айтқандық емес.

ОҚУДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚ – ҰРПАҚҚА ЖАҢАШЫЛДЫҚ



ТАСИБЕКОВ
Қайратбек Каналбекұлы

**Кенен Әзірбаев атындағы орта
мектебінің директоры**

*«Дәстүрлі оқыту – бала дамуына тек қондырғы болып,
дамуға стихиялды түрде әсер етсе, яғни «дамудың соңында жүрсе»
жаңаша оқыту – дамытуды өзімен бірге ала жүреді».*

Л. С. Выготский

Жаңалыққа негізделген іс-шаралар мектеп жұмысын дамытып, мұғалімдерді өзгеріске ынталандырады, оқушыларды оқуға, еңбек етуге бағыттап, қызығушылығын арттыруда жақсы нәтиже беретініне сенемін. Бүгінгі күні жаңа формациядағы мұғалімдер орта білім сапасын жаңартудағы қозғаушы күш екендігі дәлелдеуді қажет етпейді. Мектеп өміріне еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі-өскелең ұрпақты жан-жақты дамыту, өзгеріс енгізу.

Lesson study – зерттеу сабағы, мұғалімдердің бірлесіп жұмыс жасауы мен сабақтың әдіс-тәсілдерін жетілдіруге, оқушылардың деңгейлерін арттыруға мүмкүндік береді. Lesson study арқылы мұғалімдер оқушыларға білім берумен қатар олардың қандай деңгейде екендігін түсінуге көмектеседі. «Мұғалімдер ұдайы жақсы оқитын балаларға ғана сүйсініп, ылғи соларды ғана оқытуы дұрыс емес» деп М.Әуезов айтқандай зерттеу сабағы үлгерімі төмен оқушылармен де жұмыс істеп, оқу үлгерімін жетілдіруге ықпал етеді.

Lesson study - мұғалімдерге өздерінің ұғымдары мен түсініктерін тексертуге ынталандырады, мұғалімдер арасында диалогты туындатады, әріптестік және кәсіби даму мәдениетін дамытып, мұғалімдердің назарын оқушылар қажеттілігіне аудартады, білім беру мақсаттарын жүзеге асыру жолында ынтымақтаса жұмыс істеу процесін ұйымдастыруға мүмкүндік береді.

МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТОБЫ – ОҚЫТУДЫ ЖЕТІЛДІРУ МЕН МҰҒАЛІМНІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ФОРМАСЫ



**ДЖУМАБАЕВА
Салтанат Қонысбаевна**

**Шу қаласы Төле би атындағы
орта мектебі директорының
ғылыми-әдістеме
ісі жөніндегі орынбасары**

Сапалы білім – мемлекетіміздің интеллектуалды және рухани ресурстарының сарқылмас бұлағы ретінде адамзат капиталының сапасын арттыруда басты роль атқаратыны баршамызға белгілі. Сондықтан ұстаздар қауымына жүктелер жауапкершілік те, міндеттер де зор. Өйткені қоғам пайдасына қарай өзін-өзі толық жүзеге асыруға дайын білімді, шығармашыл, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруды тек кәсіби білімі жетік, құзіреттілігі жоғары ұстаздар ғана атқара алады.

Қоғам талабына сай мұғалімнің құзіреттілігі – білім берудегі нәтижесімен, оның жан-жақты білімімен, кәсіптік шеберлігімен, оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін меңгеруімен, өзін өзі жетілдіруге ұмтылатын қызметімен өлшенеді. Педагог қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның құзіреттілік аясы да соғұрлым кең болмақ. Ал, құзіретті мұғалім болу бүгінгі күн талабы. Құзіретті педагогты дамыту мен жетілдіру әр мектептің әдістемелік қызметінің басты мақсаты.

Сондықтан жалпы орта білім беруде мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын жаңарту және нәтижеге бағытталған білім беру үлгісіне көшу стратегиясында мұғалімдермен әдістемелік қызметті жаңа жолға қоюдың маңызы күннен күнге артуда. Біз үшін келесі міндеттерді жүзеге асырудың маңызы зор. Әр мұғалімнің оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолдануында күнделікті өзіндік тәжірибе негізінде меңгере білуін, қолдана білуін, жетілдіре білуін, нәтижесін талдай білуін, мәселені анықтай білуін қалыптастыратын зерттеушілік бағыттағы кәсіби даму ортасын қалыптастыру.

Бүгінгі күні мектебіміздегі әдістемелік қызметтің тақырыбы: Мектептің педагогикалық ұжымының кәсіби біліктілігін, инновациялық, зерттеушілік құзіреттілігін дамыту мақсаты: білім беруде кәсіби зерттеушілік дағдысы дамыған, оқытудың тиімді әдіс тәсілдерін меңгерген, ақпараттық құзіреттілігі жоғары педагогикалық ұжым қалыптастыру арқылы сапалы білім беру.

Білім берудің сапасын арттыру мақсатында әсіресе білім беру жүйесінде сындарлы оқыту теориясына негізделген ақпараттық және инновациялық технологияларды ұтымды пайдалану арқылы дамыту негізгі басты міндет болып табылады.

Жаңашыл үрдістерді, инновациялық оқыту технологияларын оқыту үрдісіне енгізу, зерделеу елдегі жалпы білім беретін мектептерге Назарбаев Зияткерлік мектептерінің (НЗМ) тәжірибесін тарату, баланың оқуға қызығушылығын тудыратын қазіргі заманғы білім беру технологияларын пайдалану есебінен қамтамасыз етілетіні белгілі. Соған байланысты алдымен оқушылар мен мұғалімдердің субъектілік рөлдерін дамытуға және функционалдық күзiреттілікке бағытталған жаңа педагогикалық технологияларды жүйелі енгізуді қолға алдық.

Мектебімізде ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығында біліктілікті арттырудан 15 мұғалім деңгейлік курстан өткен. Деңгейлік бағдарламалардың мазмұны мынадай мәселелерді кешенді қарауға негізделген: сабақ беру мен оқытудағы жаңа көзқарас, жаңа тәсілдер, сыни ойлауды үйрету, оқыту үшін бағалау және оқытуды бағалау, сабақ беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, талантты және дарынды балаларды оқыту, жеті модульді ықпалдастыру; жұмыс кезеңдерінің дәйекті, тізбектеліп ұйымдастыруын, әрбір сабақ үшін Smart мақсаттарын белгілеу, оқу нәтижелерін өлшеу әдістемесін анықтау, оқудың әрбір кезеңінің басынан бастап соңына дейін алға ілгерілеудің болуын қамтамасыз ету, барлық оқушыларды қамтуға бағытталған стратегиялық жоспарлау мақсаты көзделіп, білім беру талаптарын жүзеге асыру.

Білім сапасын арттыруда және оқушылардың күзiреттілігі мен дағдысын қалыптастыруда ең алдымен оқыту сапасын яғни сабақ сапасын жақсарту болып табылады. Сондықтан да мектебімізде мұғалімдерге қойылатын талаптардың бірі – оқытудың тиімді әдіс тәсілдерін меңгеру, оқытудың әртүрлі әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану. Жаңа білім беру мазмұнына сай оқушылардың оқу жетістігін кретириалды бағалау. Әр сабақ бойы оқушылардың белсенділігін ұйымдастыру; сабақта жаппай, топтық, ұжымдық жұмыстарды үйлестіру; сабақта қолданылған тәсілдердің сабақ мақсаты мен міндеттеріне сәйкестігі талап етілді. Жалпы деңгейлік курстан өткен мұғалімдер мектебіміздегі “Заманауи технология көшбасшылары” тобында жұмыс жасайды. Бұл топ құрамындағы тәжірибелі мұғалімдеріміз білім беруді жаңарту үдерісінде маңызды рөл атқарып келеді. Бұл мұғалімдер мектептің басқа ұстаздарына әр түрлі тақырыпта үйрету семинарларын, коучингтер, әр түрлі тақырыпта зерттеу сабақтары, тренинг т.б. өткізіп, көптеген әдістемелік іс-шаралардың ұйытқысы болып келді. Негізгі және жетік деңгей бағдарламасы бойынша бітірген мұғалімдеріміз менторинг пен коучинг арқылы мектепте әріптестерінің жұмыс тәжірибесін жетілдіруде, мектеп мұғалімдерінің «Көкжиек» кәсіби қоғамдастығының белсенді мүшелері, деңгейлік бағдарлама бойынша курстан өтпеген мұғалімдердің инновациялық даярлығының артуына қомақты өз үлестерін қосуда.

Мектебімізде мектеп мұғалімдерінің оқушылардың шығармашылық, зерттеушілік дағдыларын, логикалық және сын тұрғысынан ойлауын дамытатын технологиялар мен әдістемелерді игеруі, оқыту үдерісін жоспарлау, оқушылардың оқу жетістіктерін жүйелі тиімді бағалау дағдыларын жетілдіру мақсатын көздеген «Тәжірибедегі рефлексия» бағдарламасы бойынша мұғалімдеріміздің 90 %-ы қамтылып, біліктілігін артырып, бүгінде күнделікті тәжірибемен ұштастыруда. Білім саласындағы оң өзгерістер әдістемелік қызметте жаңа педагогикалық көзқарастарды енгізуді, кәсіптік біліктілікті артыруды, әр ұстаздың инновациялық даярлығын күшейтуді, үздіксіз шығармашылықта ізденіп, әдістемелік шеберліктерін дамытып отыруын талап етеді. Ал, мұғалімді мектеп жағдайында дамыту әдістемелік қызметің жүйелі жоспарлануына байланысты. Бұл бағыттағы әдістемелік қызмет функцияларына мына міндеттерді жүзеге асыру жатқызылды: мәселені анықтау, шешу жолдарын қарастыру, мақсат қою, жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау, іс-тәжірибе тарату, мониторинг жүргізу, талдау, шешім қабылдау, т.б. Өйткені, әдістемелік қызмет - ғылым жетістігі мен тәжірибеге негізделген, оқу-тәрбие үрдісінің тиімділігін, мұғалімнің кәсіби біліктілігін, шығармашылық шыңын арттыруға бағытталған кешенді іс-шаралар жүйесі.

Мектепте оқу және тәрбие жұмыстарын жетілдірудің, мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастырудың тиімді бір формасы – мұғалімдердің шығармашылық тобы. Шығармашылық қабілетті дамыту, өз бетімен іздену, зерттеу жұмыстарына байланысты. Осыған орай, мұғалімнің жұмысында шығармашылық басым болу керек. Мектебіміздегі “Ізденіс” шығармашылық тобының жұмыстары өз нәтижесін беріп келеді. Шығармашылық топ жетекшісі, педагог зерттеуші, Умирбекова Г.А. бастаған белсенділігі жоғары, шығармашыл ұстаздар сабақты зерттеуді тұрақты өз тәжірибесімен ұштастыруда. «Жақсы мектеп мәдениеті» дегеніміз – ол мұғалімдер арасындағы тығыз қарым-қатынас» (Chichibu & Kihara, 2013), – дегендей Lesson study - сабақты зерттеу үдерісіне ұстаздар жыл сайын кеңінен тартылып, мұғалімдер сабақтарды бірлесіп жоспарлап, тиімді әдіс тәсілдерді қолданып, сабақты бақылау мен рефлексиялық талқылау, оқытуды жақсарту, білім сапасын арттыру бағытында мектептегі оқыту мәдениеті қалыптасты.

Жаңашылдыққа, өзгерістерге дайын болу тәжірибені жетілдірудің алғы шарты, жаңашыл тәсілдерді қабылдау шығармашылықты шыңдайды. 2021-2022 жылы шығармашылық топтар күнделікті сабақта қолданатын әдіс тәсілдердің тиімді түрлерін анықтау тақырыбында өзіндік зерттеу жұмыстарын жүргізіп, өздерінің әдістемелік тақырыбына сай жұмыстарын “Үздік сабақтар”, “Жаңартылған білім мазмұны аясында оқытудың тиімді әдіс тәсілдер жәрменкесі” тақырыбында үйретері, үйренері мол ауқымды іс шаралар өткізіп, нәтижесін көрсетті. Жыл соңында “Оқытуда оқыту мен бағалаудың инновациялық әдістерін енгізу арқылы оқушылардың білімін жақсарту” тақырыбында аудандық семинарлар өткізіп, тәжірибелері таратылды. Ұстаздарымыздың инновациялық даярлығы жылдан жылға шыңдалуда. 2022-2023 оқу жылында өз тәжірибесін жетілдіруге ынталы ұстаздарымыз өзара ынтымақтастықта топтар құрылып, 8 сыныпты (11б, 10б, 9а, 9б, 8д, 7б, 6в)

қамтыған іс әрекеттегі зерттеу сабақтарын жүргізіп, шығармашылықтағы кәсіби оқу ортасын құрды. 32 мұғалім шығармашылық топтар құрамында болып, нақты жоспарлары бойынша күнделікті сабақты зерттеу жұмыстарын Lesson study- ді жүргізіп, өз қорытынды нәтижелерін тұжырымдап, іс тәжірибесі оқу - әдістемелік құрал түрінде баспада жарияланды. Мұғалім ізденісінің өзіндік авторлық жұмыстарының жарыққа шығуының көзі осы шығармашылықтан бастау алатынына тәжірибе жүзінде көз жеткіздік. Биылғы оқу жылында да оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру, тиімді әдіс тәсілдерді қолдану арқылы білім сапасын арттыру мақсатында сабақты зерттеу жұмыстары өз жалғасын тапты. Бастауыш сыныптарға сабақ беретін пән мұғалімдерінен 9 шығармашылық топ құрылып, проблемлық тақырыптары, зерттеу жүргізілетін сыныптар айқындалып, сабақты зерттеу жүргізілді. Lesson study-ынтымақтастық қарым қатынасқа негізделген, кәсіби тәжірибені жетілдіретін педагогикалық тәсіл. Мектебімізге бекітілген серіктес мектептердің (Абай атындағы орта мектеп, Қ.Сәтпаев атындағы орта мектеп, Жиенбет н.м. К.Әзірбаев атындағы орта мектеп) шығармашыл ұстаздары (9 мұғалім) да топ құрамына еніп, ынтымақтастық аясында бірлескен жұмыстар өз нәтижесін көрсетті. Бірлесіп сабақты жоспарлау, сабақты бақылау, рефлексиялық талқылау жүрді. Мұнда оқыту, оқытуды бақылау, оқыту мен оқуды талдау, қорытындысын шығаруды, оны жетілдіруде тиімділікті анықтау, таныстырылым өткізу жүзеге асты. Бұл үдерісте өзіндік орныққан төмендегідей қадамдар орындалды.

1. Сабақты зерттейтін топтағы мүшелер өзара сыйластық қарым қатынасқа негізделген ереже нұсқаулықтарын дайындап алды.

2. Топ мүшелері *нені және кімді* оқытуды, түйінді идеяны анықтайды. Мақсаттың қойылуы нәтижеге қалай әсер етеді? т.б.

3. Зерттеуге қатысты даярлығы, керекті әдебиеттерді зерделеу.

4. Оқу үлгеріміне сай бақыланатын сынып пен білім алушыны нақтылайды және де өзіне жетекші сұрақтар дайындайды.

• Сабақ қандай тақырыпқа арналады? Неге бұл тақырыпты таңдадыңыз?

• Сабаққа қандай дамыту (*білік, дағды, бейімділік, сезім*) мақсаттары қойылады?

• Қандай нақты оқу мақсаттарын (*нақты мазмұнға немесе дағдыға шоғырлану*) жоспарлап отырсыз? Жоспарға білім алушылардың сабақ нәтижесінде білетіндері мен жасай алатындары жазылады.

5. Зерттеу сабағын жан жақты жоспарлау, оқыту әдістері мен қандай стратегиялар арқылы білім алушылардың ойлауын көре аламыз? және т.б.

бақылаудағы білім алушының сабақтағы білімді игеруіне мән беру.

• Сабақта қандай стратегиялар мен оқу материалдары қолданылады?

• Бірізділігі қандай?

• Білім алушының әрекетін, оның ойлауын сабақта қалай көрінетін етуге болады?

• Стратегиялар білім алушыларға оқу мақсатына жетуге қалайша көмектеседі?

- Сұрақтар мен тапсырмаларға білім алушылардың реакциясын болжамдаңыз.

- Сабаққа дейін нені орындау қажет?

6. Топтағы бір мұғалім сабақ бергенде қалған топ мүшелері бақыланатын білім алушыларды қадағалап, қажет тұстарын түртіп алып отырады.

7. Зерттеу сабағы бойынша “Оқушы үні” яғни осы сабақ бойынша білім алушыларды ой пікірі алынып сұхбат алады.

8. Топ зерттеу сабағын талдайды. Сабақты бірлесе талдау- табыс кілті. Сабақты талқылауда оқушылардың тұтас қамтылуы, әдістердің тиімділігі, әдісті жетілдіру, келесі сабақ мақсатын белгілеу Мәліметтерді ұйымдастыру мен интерпретациялаудың басқа үздік тәсіл бар ма? Оқушылардың үлгерімі туралы біз не білуіміз керек? Сабақты бір рет жоспарлап, бақылау жеткілікті ме? т.б белгіленген құрылым бойынша жүзеге асады. Келесі сабақты зерттеуді жоспарлау. Сабақтан сабаққа қарай жоспар жақсара түседі және мұғалімдер білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, оқудың тиімді әдіс тәсілдерін анықтайды.

Сабақты зерттеу тәсілі – оқытудың тиімді әдіс тәсілдерін қолдануда, бақылау дағдыларын дамытуда, мектептің зерттеушілік бағыттағы ортасын құруда өз нәтижесін беретін бірден бір тәсіл екеніне тәжірибеге енгізу арқылы көз жеткіздік.

1) Мұғалімдердің шығармашылық зерттеушілік қызметі артты.

2) Кәсіби біліктілігі көтерілді, білімін жетілдірді.

3) Тиімді оқыту әдістерін таңдай біледі.

4) Ынтымақтастық орта қалыптасып, Lesson Study мүмкіндіктерін өзінің педагогикалық тәжірибесінде қолданады.

Lesson Study – оқушыға сапалы білім беруді мақсат қоятын, ұтымды идеяларды жүзеге асыратын, ынтымақтастыққа негізделген ұстаздардың шығармашылық зертханасы. Өйткені зерттеу проблемаларды шешудің басты құралы.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бұзаубақова К.Ж. Мұғалімнің инновациялық іс әрекетке даярлығын қалыптастырудың теориясы мен практикасы. -Алматы : «Жазушы»,2009. -254 б.

2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Мектептегі мұғалім көшбасшылығы». «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2012.

3. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2012.

4. Т.Чичибу Сабақты зерттеу бойынша мұғалімдерге арналған нұсқаулық: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, Астана, 2013.

5. «Мұғалім тәжірибесіндегі зерттеу» мектепшілік кәсіби даму курсының білім беру бағдарламасы.

LESSON STUDY ЗЕРТТЕУ ҮДЕРІСІН ОҚЫТУҒА ЕНГІЗУ АРҚЫЛЫ ЖАҢА ҮРДІСТЕГІ ОҚЫТУДЫҢ САПАСЫН АРТТЫРУ



ДОСМАМБЕТОВА
Батима Мурабаевна

**Төле би атындағы орта мектебінің
бастауыш сыныптар бойынша
директордың
оқу-тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары**

XXI ғасырдағы білім беру жүйесі мұғалімдер арасындағы ынтымақтастықты кеңейтуді көздейді, оның шеңберінде мұғалімдер бірлесіп жұмыс істей алады, инновациялық және тиімді идеялармен алмасады, осылайша оқыту мен оқытуда практикалық қызметте қолданылатын тәсілдердің әсерін күшейтеді.

Педагогикалық практикадағы оқыту технологияларының алуан түрлілігімен: дидактикалық, компьютерлік, проблемалық, модульдік және басқалары — жетекші педагогикалық функцияларды жүзеге асыру мұғалімде қалады. Оқу-тәрбие процесіне заманауи технологияларды енгізе отырып, мұғалімдер кеңесші, кеңесші, тәрбиешінің функцияларын барған сайын игеруде.

Бірақ кәсіби шеберліктің өсуінің міндетті шарты – бұл біздің не істеп жатқанымызды түсіну, талдау және ойлау екенін есте ұстаған жөн. Алайда, кез-келген жағдайда, тек өз тәжірибеңізден үйрену қиын және әрдайым тиімді бола бермейді. Мысалы, осындай мақсаттар үшін әріптестермен сабақты сындарлы талқылау өте пайдалы болуы мүмкін.

Қазіргі уақытта әрбір педагог үшін басты мақсат – өз білімін арттыру, дамыту. Себебі білім бір орында тұрмайды, ол үнемі дамып отырады. Күн сайын біз жаңа жаңалықтарды оқып, танысып жатырмыз. Осындай жаңалықтардың бірі – Lesson Study. Lesson Study – бұл педагогикалық тәжірибе саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған бірлескен педагогикалық тәсіл.

Lesson Study мазмұны бойынша құнды мәліметтер береді және олардың тәжірибесін жақсартуға ықпал етеді. Сабаққа қатысқан басқа мұғалімдер мұғалімнің іс-әрекетін бақылап, олардың кемшіліктерін атап өтті, сабақты талқылаудағы осы кемшіліктерді атап өтті, мұғалімге айтып, нұсқау берді. Ал бүгін Lesson Study сабағына қатысатындар оқушылардың таңдаған зерттеу мәселесі бойынша әрекеттерін бақылайды, олардың қалай үйренетініне назар аударады, оқушылармен сұхбаттасады, олардың жетістіктері мен оқу қиындықтарын анықтайды, оларды сабақты талқылау кезінде деректер ретінде пайдаланады және сабақты жақсарту үшін пайдаланады. Lesson Study әдісін

қолданған кезде оқушыларды бақылап, сабақтан кейін оқушылардың сауалнама алынып, сабақты талқылап, келесі сабақ жоспарына өзгерістер енгізіліп, сабақ жоспарының жетілдірілген нұсқасын дайындауға мүмкіндік береді. Осылайша, Сабақты зерттеу әдісі (Lesson Study) мұғалімдерді кәсіби шеберлікті үздіксіз дамытуға ынталандырады және ұжымдағы ынтымақтастыққа ықпал етеді. Сондықтан қазіргі уақытта көптеген мектеп оқытушылары өз жұмыстарын осы әдіске негіздей бастады. Бұл дұрыс шығар, өйткені мұндай топтардағы мұғалімдер өздерін басқарады және өз қоғамын дамытатын ортаны қалыптастырады. Lesson Study әдісін қолданған мұғалімді сабаққа дайындау сабаққа қатысу мәдениетіне де байланысты

Біріншіден, Lesson Study топтарын құру мұғалімдердің қалауымен жүзеге асырылғаны дұрыс. Бұл олардың жұмысының нәтижесі үшін жауапкершілікті арттыратыны анық.

Екіншіден, әр оқушы сабаққа белсенді қатыса алатындай етіп оқушыларды сабақты жоспарлауға тарту қажет.

Үшіншіден, Lesson Study топтары мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін арттырудың негізгі құралы болғандықтан, туындаған мәселенің теориялық мәселелерін зерттеп, сабақ циклі басталғанға дейін оны шешудің әдістері мен тәсілдерін анықтау қажет. Басқаша айтқанда, әр сабақ циклі осы мәселелерді шешетін коучингтен басталуы керек. Lesson Study тобының мүшелері ұйымдастырған коучингтер өзекті мәселені шешуге бағытталуы керек. Коучингке қатысушылар осы мәселені шешуге мүдделі және ынталы болуы керек және түпкілікті нәтиже үшін жоғары жауапкершілікті сезінуі керек. Осылайша, мұғалімдер күнделікті тәжірибеде туындайтын мәселелерді өз бетінше шешуге, яғни өздерінің кәсіби біліктіліктерін үнемі дамытуға дағдыланады.

Осылайша, бір сәтте мұғалім білім беру мекемелерінде шешуші тұлға болып қала береді, өйткені ол оқушының білімді өз бетінше үйренуіне мүмкіндік беру үшін көшбасшылық функцияны орындайды.

STUDY ЗЕРТТЕУІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ



БУЕНБАЕВА
Нурсулу Адилловна

**Төле би атындағы орта мектебі
директорының оқу-тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары**

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде білім беру мазмұнын жаңарту бағдарламасын енгізумен үлкен өзгерістер орын алуда. Мұндай жағдайда мұғалім дәстүрлі білім берудің ескірген стереотиптерін бұза отырып, шебер тәжірибеші, зерттеуші, бақылаушы болуы керек. Мұғалімдердің әрқайсысы сұрақтарға жауап іздейді: «балаларды қалай оқыту керек, оқушыларды білім алуға қалай ынталандыру керек, оқудағы қиындықтарды қалай жеңуге болады?».

Бұл проблемалық мәселелерді шешу мектеп тәжірибесінде Lesson Study тәсілін қолдану болды.

Lesson Study-дің айрықша ерекшеліктері:

Біріншіден, зерттеу сабағы – бұл мұғалімдер тобы жүргізетін ұзақ процесс;

Екіншіден, ол сабақтың оң динамикасына, өзгеруіне және жақсаруына бағытталған тәжірибелік-зерттеу сипатына ие.

Жүйелі деректерді жинау және талдау арқылы белгілі бір сыныпта оқытудың негізгі мәселесі шешіледі;

Үшіншіден, бұл топтық жұмыс, мұнда қызығушылық танытқан мұғалімдер тобы белгілі бір сыныпта оқытудың өзекті мәселесін үш цикл-зерттеу сабағында шешу үшін зерттеу жүргізеді;

Төртіншіден, зерттеудің үш циклі кезеңінде нақты рефлексия мен нақты нәтижелерге қол жеткізу үшін талқылау мен талдау көзіретінде қызмет ететін деректерді жинауды жүйелеуге және талдауға ерекше назар аударылады;

Бесіншіден, үш цикл де сабақ–зерттеудің бүкіл процесі жинақталған жұмыс тәжірибесін жариялау және тарату мақсатында хаттамада жазылады.

Бұл зерттеуді жүргізу үшін біздің мектеп әкімшілігі 4 «А», 4 «В», 4 «Д», 4 «Б», 3 «Г», 3 «А», 3 «В», 2 «Г» сыныптарын таңдады. Осы сыныптарда жұмыс істейтін мұғалімдер тобы құрылды. Топ мүшелері арасында рөлдер бөлінді: модератор, сабақ беретін мұғалім, АВС оқушыларының назарын бақылаушылар, хатшы және оператор.

Зерттеу Lesson Study тәсілін қолдана отырып, «2, 3, 4 сыныптарда оқытудың ең тиімді формаларымен әдістерін анықтау» тақырыбында ұйымдастырылды. Әр мұғалім қатарынан 4 сабақ өткізді. Жұмыс басталар

алдында фокус-топтың отырысы өткізілді. Мұғалімдерге зерттеу жүргізу мақсаты қойылды. Біз сабақта 4 формада жұмыс жасайтынымызды анықтадық: топтық жұмыс, ауыспалы құрам жұбы, тұрақты құрам жұбы және жеке жұмыс. Сабақтың барлық түрлерін салыстыра отырып, ең тиімдісін таңдаңыз. Барлық сабақтарда мұғалімдер сыни ойлау құралдарын қолдана отырып оқытуды ескеруі керек. Топтық жұмыс түрінде оқушылардың бір-бірімен қалай қарым-қатынас жасайтындығын, әркім оқу процесіне қатысатындығын анықтау керек, ал жұпта оқығанда олар бірлесіп білім алады, бір-біріне сұрақтар қоюға, оларға жауап беруге, өзара тексеру жүргізуге үйренеді. Мұндай жұмыс түрлері оқушыларды ашуға, өзін-өзі жүзеге асыруға көмектеседі.

Мұғалімдердің басты міндегі – сабақтың барлық кезеңдерінде белсенділікті, қызығушылықты және қозғалысты сақтау.

Бұл оқушылардың жаңа идеялар мен ақпаратты өз сөздерімен қаншалықты білдіретінін анықтауға мүмкіндік беретін Lesson Study тәсілі. Оқушылар өз контекстінде түсінгендерін өз сөздерімен жақсы есте сақтайды. Сондай-ақ оқушылар арасында ой бөлісу бар, бұл олардың ой көкжиектерін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Мұғалімнің рөлі:

- оқушылардың күш-жігерін белгілі бір бағытқа бағыттайды;
- тәуелсіз шешім қабылдауға жағдай жасайды;
- оқушыларға өз бетінше қорытынды жасауға мүмкіндік береді;
- бұрыннан бар жаңа танымдық жағдайларды дайындайды.

Зерттелетін оқушыларға сауалнама жүргізу және бақылаушыларды бірлесіп талқылау, Lesson Study тәсілін қолдану нәтижелерін ұсыну мұғалімдерге сабақты қалай құру керектігін, оқушылардың сабақтағы белсенділігін арттыру үшін қандай оқыту әдістерімен әдістерін қолдану керектігін көруге мүмкіндік береді.

Мысалы, математика сабағында А оқушысы топта жұмысты ұйымдастыруға тырысты, балаларға басшылық етті және көмектесті, осылайша олардың көшбасшылық қасиеттерін дамытты.

Оқушы өз бетінше, жеке жұмыс істегенді жөн көрді. Бұрын топта жұмыс істеу дағдылары жоқ, постердегі практикалық жұмысты талқылауға белсенді қатыса бастады.

Математика сабағында В оқушысын бақылай отырып, мұғалімге ұсыныстар берілді: оқушының топтағы рөлін анықтау, бұл оған сабаққа мұқият дайындалуға және сабақта белсенді жұмыс істеуге көмектеседі, өйткені ол топтың жұмысына жауап береді.

Шығармашылық үй тапсырмасын бірлесіп орындау С оқушысының осындай тапсырмаларды өз бетінше дайындауға деген ұмтылысын оятты.

Қорытындылай келе, зерттеу сабақтарын өткізу мұғалімдер тобын жұмылдырды, кәсіби дағдыларды дамытуға, тәжірибе алмасуға ықпал етеді деп айтқым келеді. Біз сенімді қарым-қатынас орнатып, нәтижеге әркім жауап беретін командада жұмыс істеуді үйрендік. Ең бастысы – балаларды оқуға ынталандыра отырып білім сапасының артуы.

LESSON STUDY – САБАҚТАҒЫ ІС – ӘРЕКЕТТІ ЗЕРТТЕУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ҒЫЛЫМИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘСІЛ




УМИРБЕКОВА
Гульжан Арыстановна

Шу қаласы, Төле би атындағы
орта мектебінің ағылшын тілі
пәні мұғалімі,
«Ізденіс» шығармашылық топ
жетекшісі

XXI ғасыр – ақпараттық технологияның озық дамыған ғасыры. Ақпараттық технологияның қарқынды дамыған заманында оқушылар әртүрлі салада, кез – келген жерде, қажет болған тақырыпта ақпаратпен хабардар болуына ешбір кедергі жоқ.

Сондықтан, мұғалімдерге артылатын жүк те ауырлай түсуде. Мұғалімнің оқушыға тақырыпты меңгерту, жаңа ақпаратты жеткізу әдістері мен тәсілдері баланың қолындағы ақпарат көздеріне айналған гаджеттерден де қызық, тартымды әрі тиімді болуы қажеттілігін көрсетіп отыр. Сабақ барысында қолданылатын әдістердің немесе ойын түрлерінің тиімділігін бақылаудың ең оңтайлы тәсілі – Lesson Study.

Lesson Study – бұл сыныптағы іс-әрекеттегі зерттеу жұмысының ерекше түрі, ол мұғалімдер топтарының Lesson Study –ді бірлесіп жоспарлауын, оқуын, қадағалауын және талдауын көздейді (1-сурет).



Сурет 1 – Зерттеу жұмысын жүргізу кезеңдері

Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық өзгерістерге байланысты өзгермелі еңбек жағдайларына тез бейімделе білетін, өз-өзін тәрбиелеуге, дамытуға, білімін толықтыруға қабілетті белсенді, жан-жақты тұлғаны тәрбиелеп шығару әрбір білім ордасының міндеті. Себебі, болашақ өмірі үшін өзіндік санасы қалыптасқан, өзі атқаратын, өзі қалайтын іске жан қалауымен бара алатын тұлға – заман талабы.


Осы орайда Lesson Study сабақты зерттеу жұмысының тиімділігі тағы айқын көрінуде. Сабақты зерттеу тәсілі мұғалімдердің кәсіби біліктілігін тұрақты түрде дамытудың тиімді амалы екендігі де барша педагогикалық жұртшылыққа мәлім. Сабақты зерттеу – сабақтағы іс-әрекетті зерттеу арқылы мұғалімнің біліктілігі мен оқыту тәжірибесін жетілдіруге бағытталған педагогикалық амал. Бұл белгілі бір мұғалімдер тобының кемінде үш сабақты бірлесіп жоспарлаудан, оқытудан, бақылау мен талдаудан тұратын цикл. Сабақты зерттеу тәсілін қолдану арқылы мұғалімдер демократиялық түрде өз сабағын зерттей отырып меңгеруге және өз оқытуының сапасын жақсартуға ықпал ете алады.

Lesson Study зерттеу жұмысы бойынша сабаққа қатысқан бақылаушылар өздері таңдаған зерттеу проблемасы ауқымында оқушының әрекеттерін бақылап, олардың қалай оқитындықтарына назар аударып, оқушылармен сұхбаттасып, олардың оқудағы жетістіктері мен қиындықтарын айқындап, сабақты талқылағанда алынған деректерді қолданып, сабақты жақсартуға қолданады.

